Абайдың заң туралы айтқан ойлары толыққанды зерттелмей жатыр. Алғаш рет Тайыр Құлтелеев пен Айдарат Тәукелов Абайдың заңи пікірлерін зерттеуді қолға алады, бірақ зерттеу нақты аяқталмады, елдегі партиялық саясаттың, тоскауылдың салдарынан зерттеу мазмұны өзгереді. Абайдың қатысуымен қабылданған Қарамола ережесі оның құқықтық салаға да ден қойғанын білдіреді, бірақ бұл ереже әлі толық зерттелмеген. Ереже туралы заңгер-ғалымдардың еңбектерінде, ішінара материалдар беріледі. Қазақ Совет энциклопедиясында қысқа ғана мәлімет берілген. Толыққанды, жүйеленген зерттеу жинағы жоқ. Абайдың Мүсірәлі ақсақалға айтқандары сақталған. Ол: «...оязбен сөйлестім, қазақ дауы туралы орыстың шығарған заңы бізге тура келмейтінін айттым, ояз оған тоқтап: олай болса сен қазақтың ғұрпына, әдетіне, тұрмысына лайықты заң шығарып жаз, оны съезге жиналған билерге, елге оқып бер, егер оларға ұнамағаны болса түзет, сол көптің ұнаған заңын мен бекітейін, бұдан былай қазақ ортасында белгілі заң болсын..., соны жазып жатырмын, жаңа заңды жұрт ұнатқаннан кейін ояз бекітеді». - деген екен. Бұл Ереже бізге «Абай заңдары», «Абай жазған ереже» деген атпен жетті. Құқық саласын дамытып, зерттеуде өзіндік маңызы зор бұл ережеге біраз жылдар қолға алынбады [9, 25-б.].

Бірнеше жылдардан кейін Ресей архивтерінің бірінен табылған Абайдың «Үкімет - Сенатқа» деп аталатын арызы ойшылдың құқықтық көзқарастарын зерттеу барысында жинақталған материалдарды толықтыра түседі. Абайдың құқықтық көзқарастарын зерттеуге ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [1] өзіндік әсерін тигізді. Абайдың идеяларының дәл қазіргі кезеңде маңызды екендігін тәжірибе растап отыр.

Соттардың тәуелсіз болуы мемлекеттік билік қағидаттарының маңыздысы екендігі рас. Әділетті қоғамда соттар тек заңға ғана бағынады. Осы аталған қағидаларды Абай шығармаларынан таба аламыз. Судьяларды сайлау мәселесі бұрыннан айтылуда, бірақ іске асырылмаған.

Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерде бұл үрдіс жолға қойылған. Абайдың соттарды сайлау туралы ұсынысы, оның шет елдердің заңдарынан хабардар болғандығын білдіреді. [9, 27-б.]. Абайдың пайымдауында сот шешімдері заңға сүйеніп, әділ болуы шарт.

Ол: «Кез келген үкімнің яки жазықтылықты яки жазықсыздықты анықтаудың негізінде өзінің бүкіл жиынтығымен фактілер жатуға тиіс» деп тұжырымдайды.

[1] *«Мемаппарат қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы // https://www.akorda.kz/kz/memlekettik-apparattyn-kyzmetin-byurokratiyadan-aryltu-zhonindegi-sharalar-turaly-1333224 жүгіну күні:14.04.2022.*

«Ант» деген ұғымның мәнінің зор, жауапкершілігі жоғары екендігін ойшыл баса ескертеді. Ол ант берудің сол кездердегі элементтерін қолдануға болатындығын айтады. Аталмыш ойлар Абайдың заңгер екендігін дәлелдеп тұр. Заң ғылымдарының докторы С.Ударцев Абайды судья деп таныды [10]. Абайдың судьяларды сайлау туралы идеясы бүгінгі күні өз жалғасын тауып отыр.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев жоғарғы сот судьяларын сайлау арқылы таңдау тәсілін ұсынды. Ол: «Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс. «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.» - дейді [11]. Зерттеу барысында сот жүйесіндегі реформаларды жүргізуде Абай айтқан тұшымды ойларды негізге алу, соттардың адал болып, әділ шешімдерді шығаруына әсер ететіні дәлелденді.

Абай өз заманында әйел адамдардың құқықтары туралы айтып, әйел бостандығына назар аударады. Оны «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өлеңінен байқауымызға болады. Неке мәселесінен туындайтын жағдайлар, оның ішінде әйел мен ер адамның тең болуы керектігі толғандырады. Ертеден келе жатқан некеге қатысты дәстүрлердің озығын заңдастыруды ұсынады. Құқықтық іс қаралғанда әйел адамның құқығы шектелмеуі керек екендігін баса айтады. Қазіргі кезеңде заңды тұрғыда болмаса да әмеңгерлік бойынша қайнысына немесе қайын ағасына тұрмысқа шықтым дегендерді кездестіреміз. Аталған жағдай қазақ қоғамында заңи реттелген. Мысалы, Қарамола Ережесінің 51 бабында: «Күйеуі қайтыс болған баласы жоқ әйел күйеуге шықпаса да мал-мүлікке ие болуға құқы бар. Күйеуге тисе бар малының сегізден бірін, баласы болса алтыдан бірін алады».- делінген [12]. Осы бапты сараласақ, әмеңгерліктің құқықтық мәртебесін көруімізге болады. Қоғамымызда орын алып жатқан келеңсіз жағдайларды болдырмауда кейбір дәстүрлерімізді заңдастырғанымыз да жөн болар деп санаймыз.

Абай шығармаларын саралау нәтижесінде ойшылдың қылмыс туралы ғана емес, сонымен қатар қылмыстық заңдар мен жазалауға да тоқталғанын көруімізге болады. Сот әділ шешім шығаруда дәлелдерге сүйенеді, яғни жазаламас бұрын адамның кінәсінің дәлелденуі керек. Абай да адамды кінәсі дәлелденгенде ғана жазалаған дұрыс деп санайды [13]. Сол кездегі мал ұрлау, ұрып-соғу, күш көрсету, қорлау және т.б. құқыққа жат әрекеттерді ашып көрсетіп, оны болдырмау қажет дей отыра, құқықтық және құқыққа қарсы әрекеттерді түсіндіруге тырысады. Қылмыстық заңдарды саралау нәтижесі зайырлы қоғамның талаптарына сай қылмыстық заңнаманы ізгілендірілуге бет бұрғанын, ал қылмыстық жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің неғұрлым маңызды шарасы болып табылатынын анықтап отыр.

Қазіргі, біз өмір сүріп отырған қоғамда зорлық-зомбылық, соның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өршуі барша халықты, мемлекетімізді де алаңдатуда. Дағдарыс орталықтарына көмек сұрап жүгінгендердің саны артпаса кемімей тұр. Жүргізілген сауалнама нәтижесі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің 30 пайызын әйелдер мен балалар құрайтынын көрсетті. Бүгінгі күні көтеріліп отырған осы жағдай ойшылдың өмір сүрген кезеңінде де болды. Абай оны көріп, қынжылды, өлеңдері арқылы наразылығын білдірді. Ресейдің отарлау саясатының келеңсіз тұстарын көріп өскен ол қазақ халқын білімді болуға, ғылыммен айналысуға тартады, көзі ашық, оқыған адамның биліктің көлеңке тұстарын көре біліп, оған қарсы тұра алатынын насихаттайды.

Абай шығармашылығын зерттеу нәтижесінде оның ел экономикасының дамуын қалағанына көз жеткіземіз. Оған оның өлеңдеріндегі өркениет, мәдениет, құқық, білім, ғылым т.б. ұғымдарды қолдануы дәлел. Қазақ халқының дамыған мемлекеттердегідей өмір сүруін аңсады. Қазақ елін шет мемлекеттер өздерімен тең санауы қажет дейді. Барлық азаматтардың құқықтары тең болғанда ғана адамдар қоғамда алаңсыз болады деп тұжырымдады [14].

Жемқорлық мәселесі бүгінгі күні қоғамдық қатынастардың барлық саласын жайлап отырғаны шын. Мемлекет болып онымен күресу жолдары айқындалып, адалдық қағидаттарының қатал орындалуын қадағалау барысында нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, арнайы органдар құрылып,

әр түрлі деңгейдегі іс-шаралар жүргізілуде. Абайдың: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [15] - деген сөздеріндегі «сау еңбек» ұғымы адал болуды көрсетіп тұр. Сонымен қатар ол адам бойындағы асыл қасиеттердің жоғалып бара жатқандығын сөз етеді. Жағымпаздарды сынайды, пара беріп билік басына келетіндердің елдің дамуына кедергісін тигізіп, қауіп төндіретінін айтады.Бұл жағдайлардың орын алуында бай адамдардың үлесі басым екендігін, қарапайым кедей халықтың шарасыз екендігін жазып, қара халықтың болашағын уайымдап, мұңаяды.

«Ұят» - адам бойындағы құндылығы басым қасиеттердің бірі. Абай бұл ұғымды былай сипаттайды: «Ұят деген адамның өз бойындағы, адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндай қылыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар» [16]. Абай: «Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да» [16, 13-б.], — деп қынжылады.

«Ұят» ұғымы қай кезеңде болсын маңыздылығын жоймайтын құндылық. Қазіргі қоғамда ұяттан аттап, жат қылықтарға бой алдырған жастарымыздың кездесуі әрине, көңілімізге кірбің түсіреді. Оған дәлел әлеуметтік желідегі әдепсіз жазбалар, бейнероликтер, үлкендерге деген құрметтің жоқтығы, қоғамдық орындарда ұятсыз әрекеттерді жасау т.с.с. Ата-бабаларымыздан келе жатқан тамаша салт-дәстүрімізді жоғалтпай, жастардың бойына Абай аңсаған құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу бүгінгі аға және орта буынның еншісі деп ойлаймыз. Бұл жерде, әр адам өзін-өзі тәрбиелеу керек деген қағиданы да жоққа шығармаймыз. Болашақта «ұят болады» культінің құқықтық өмірдегі көріністерін де қоғам талқысына салу керек деп ойлаймыз [17].

Абай шығармашылығын насихаттау мемлекет тарапынан қолға алынған, «Абай әлемі» пәні оқытылады, «Абайтану» орталықтары жұмыс жасайды. Бүгінгі қоғам дамуында аса қажет болып отырған Абай әлемінің осындай тамаша тұстарын ала отырып, насихаттау жастарды аталған жат қылықтардан ада болуға жетелеуде өз нәтижелерін береді деп санаймыз. Бұл салада Абай білім мен ғылымға аса ден қояды. Адам бала кезінен білімді болуға талпынуы керек. Бұл жерде ата-анасының тәрбиесінің мәні зор болмақ. Отбасылық тәрбие тәрбиенің барлық саласының бастауы болуы қажет. Отбасында дұрыс тәрбие алған баланы ары қарай адал азамат ретінде шыңдау қоғамдық орындардың еншісінде. Адал да әділ тұлғаның қалыптасуында білім беру мекемелерінің ролі зор. Абай шығармаларының мазмұнды, жүйелі оқытылуы біз көтерген мәселелердің шешуін жеделдететін шарттардың бірі. Абайды тану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесінде Абайдың құқықтық идеясын насихаттау әлі де өз деңгейінде емес екендігіне көз жеткіздік.

Бүгінгі күні интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы айтылуда, оның түпкі мәні қоғамдағы зиялы, білімдар адамдардың елдің болашағы, оның дамуы туралы болжауы, ой-пікірлері. Аталғандардың негізін біз Абай шығармашылығынан көре аламыз. Қазіргі заман талабына сай ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу рухани жаңғыруымыздың бір көрінісі болмақ.

Қорытынды

Қазіргі таңда құқықтық нигилизмді (құқықты жоққа шығаруды) жеңуіміз қажет, оған көпшіліктің таң қалуын тоқтатып, заңға деген сый, құрметтеуге тәрбиелеу және жауапкершілік сезімдерін ояту қажеттілігі, яғни бұл жерде жемқорлық, заңды басынушылықтар, заңға немқұрайлы қарауға жол бермеу керектігін және аталғандар құқықтық жүйеге кереғар екендігін түсіндіру керек. Абайдың саяси, құқықтық пікірлері сол кездегі мәселелерге ғана арналып қоймай, бүгінгі таңдағы күн тәртібінде тұрған өткір проблемаларға нақты жауап беретін өміршеңдігімен құнды. Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін оқып қана қоймай, талдап, талқылап, ой елегінен өткізу, бүгінгі күні орын алып отырған келеңсіз жағдайлардың алдын алып, болдырмауда пайдалану барша қазақстандықтардың борышы болуы керек деп ойлаймыз. Сол себепті Абай шығармашылығының құқықтық қырларының зерттеліп, іс-тәжірибеде қолдануы маңызды.

Бүгінгі таңда шетелдіктер де өз өмір-

лерінде, қоғамдық қатынастарда қолдану үшін Абай идеяларына қызығушылық танытуда. Прага (Чехия), Минск (Белоруссия), Абу-Даби (БАЭ) қалаларында Абай орталықтары ашылған. Бұл орталықтарда Қазақстанда жоқ Абай еңбектерінің бар екендігі белгілі болды. Еліміз Абай шығармашылығы арқылы ұлттық бітім-болмысымызды әлемге көрсетуде. Абай тек қазақ халқына ғана емес, әлем үшін өшпестей із қалдырды. Ендеше, бізге қазіргі уақытта Абай айтқан «Ақылмен ойлап сөйлемек» [3] керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 2020жыл. - 09 қаңтар. – Б.2.

2. Абай Құнанбайұлының достық туралы ой орамдары // https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/45536/?ysclid=lhycgjatyd541370827 жүгіну күні: 27.04.2017.

3. Абайдың қара сөздері // https://abai.kz/post/6 жүгіну күні: 08.05.2009.

4. Тағы да народный сот хақында // https://vk.com/wall-38304529_288577?ysclid=lhyocfp0be15121385 жүгіну күні: 19.01.2016.

5. Сәулең болса кеудеңде // https://bilim-all.kz/olen/550?ysclid=lhypa3qqda928476057 жүгіну күні:16.04.2015.

6. Сарпеков Р.К. Коррупция - это болезнь: [внесены изменения и дополнения в законодательные акты РК по вопросам противодействия коррупции] // Казахстанская правда. - 2020. - 21 октябрь. - С. 6.

7. Бирманова А.И. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы идеялардың саяси-құқықтық ілімдер тарихында қалыптасуы //Қарағанды университетінің хабаршысы. 2011. https://articlekz.com/kk/article/15858

8. Абай Құнанбайұлы. Өкініште көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384 б.

9. Өзбекұлы С. Абай және адам құқы. - Алматы. Жеті Жарғы, 1995. - 112 б.

10. Ударцев С.Ф. Абай Кунанбаев: мыслитель, судья, законодатель // http://abai.kaznu.kz/rus/?p=294 дата обращения: 02.05.2013.

11. Тоқаев Қ.К. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам // Мемлекет басшысының қазақстан халқына жолдауы // https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-madeniet/documents/details/340635?lang=kk&ysclid=lhr7zq5so1345607058 жүгіну күні: 01.09.2022.

12. Бопабаева А.Т., Газизова Н.С. Абай Құнанбаев өлеңдерінің ерекшеліктері // «Последние тенденции в области науки и образования» Материалы научно-практической конференции. Нефтекамск, 31.01.2022. – С. 242-245

13. Абенова Г.Ж. Қазақстан Республикасында парақорлыққа - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған іс-шаралардың көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы. https://articlekz.com/kk/article/17188 жүгіну күні: 2009.

14. Каренов Р.С. Хакім Абайдың «Қара сөздер» атты керемет философиялық мұрасы. Туғанына 170 жыл толуына орай // Қарағанды университетінің хабаршысы.. https://articlekz.com/kk/article/15468 жүгіну күні: 2015

15. Кенжеғарев Н. Абайдың қара сөздері һәм қазіргі қоғам // https://www.abai.kz/post/39273 жүгіну күні: 14.01. 2015.

16. Пангереев А. Абай танымындағы табиғат, ғалам, адам концепциясы. // «Абай мұрасы қоғамдық сананың жаңғыру контексінде» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Ақтау. 05.05.2020. file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B5%D0%BC%D0%B5%D0%B9/Downloads/abai2020-1.pdf

17. Газизова Н.С. Абай әлеміндегі адам құқығы және қазіргі кезең // «Ұлы Даланың жеті қыры: жаһанданған әлем және ұлттық-мәдени түп- тамырымыз»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2020.- Б.119-125.

REFERENCES

1. Toqaev Q.K. Abaı jáne XXI ǵasyrdaǵy Qazaqstan // Egemen Qazaqstan. 2020jyl. - 09 qańtar. – B.2.

2. Abaı Qunanbaıulynyń dostyq týraly oı oramdary // https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/45536/?ysclid=lhycgjatyd541370827 júginý kúni: 27.04.2017.

3. Abaıdyń qara sózderi // https://abai.kz/post/6 júginý kúni: 08.05.2009.

4. Taǵy da narodnyı sot haqynda // https://vk.com/wall-38304529_288577?ysclid=lhyocfp0be15121385 júginý kúni: 19.01.2016.

5. Sáýleń bolsa keýdeńde // https://bilim-all.kz/olen/550?ysclid=lhypa3qqda928476057 júginý kúni:16.04.2015.

6. Sarpekov R.K. Korrýptsıa - eto bolezn: [vneseny ızmenenıa ı dopolnenıa v zakonodatelnye akty RK po voprosam protıvodeıstvıa korrýptsıı] // Kazahstanskaıa pravda. - 2020. - 21 oktıabr. - S. 6.

7. Bırmanova A.I. Quqyqtyq memleket pen azamattyq qoǵam týraly ıdeıalardyń saıası-quqyqtyq ilimder tarıhynda qalyptasýy //Qaraǵandy ýnıversıtetiniń habarshysy. 2011. https://articlekz.com/kk/article/15858

8. Abaı Qunanbaıuly. Ókinishti kóp ómir ketken ótip...: Óleńder, poemalar, qara sózder. – Almaty: «Rarıtet», 2008. – 384 b.

9. Ózbekuly S. Abaı jáne adam quqy. - Almaty. Jeti Jarǵy, 1995. - 112 b.

10. Ýdartsev S.F. Abaı Kýnanbaev: myslıtel, sýdıa, zakonodatel // http://abai.kaznu.kz/rus/?p=294 data obra&#8206enıa: 02.05.2013.

11. Toqaev Q.K. Ádiletti memleket. Birtutas ult. Berekeli qoǵam // https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-madeniet/documents/details/340635?lang=kk&ysclid=lhr7zq5so1345607058 júginý kúni: 01.09.2022.

12. Bopabaeva A.T., Gazızova N.S. Abaı Qunanbaev óleńderiniń erekshelikteri // «Poslednıe tendentsıı v oblastı naýkı ı obrazovanıa» Materıaly naýchno-praktıcheskoı konferentsıı. Neftekamsk, 31.01.2022. – S. 242-245 http://science-peace.ru/files/PTONO_2022.pdf

13. Abenova G.J. Qazaqstan Respýblıkasynda paraqorlyqqa - sybaılas jemqorlyqqa qarsy kúreske arnalǵan is-sharalardyń kórinisi // QazUÝ Habarshysy. 2009. https://articlekz.com/kk/article/17188

14. Karenov R.S. Hakim Abaıdyń «Qara sózder» atty keremet fılosofıalyq murasy. Týǵanyna 170 jyl tolýyna oraı // https://articlekz.com/kk/article/15468

15. Kenjeǵarev N. Abaıdyń qara sózderi hám qazirgi qoǵam // https://www.abai.kz/post/39273 júginý kúni: 14.01. 2015.

16. Pangereev A. Abaı tanymyndaǵy tabıǵat, ǵalam, adam konsepsıasy. // "Abaı murasy qoǵamdyq sananyń jańǵyrý konteksinde" Respýblıkalyq ǵylymı-tájirıbelik konferensıa materıaldary. Aqtaý. 05.05.2020. file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B5%D0%BC%D0%B5%D0%B9/Downloads/abai2020-1.pdf

17. Gazızova N.S. Abaı álemindegi adam quqyǵy jáne qazirgi kezeń // «Uly Dalanyń jeti qyry: jahandanǵan álem jáne ulttyq-mádenı túp- tamyrymyz»: Halyqaralyq ǵylymı-tájirıbelik konferentsıasy materıaldarynyń jınaǵy = «Sem granei Velikoı stepı: globalnyı mır ı natsıonalno-kýltýrnye kornı»: Sbornık materıalov Mejdýnarodnoı naýchno- praktıcheskoı konferentsıı – Semeı: Semeı qalasynyń Shákárim atyndaǵy memlekettik ýnıversıteti, 2020.- B.119-125.

ӘОЖ 342.8

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Болат Жолдасбекович Айтимов
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры; философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент); Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: bola_30081978@mail.ru

Айгуль Ашимовна Нукушева[1]
Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры; заң ғылымдарының кандидаты, доцент; Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: akuka007@mail.ru

Салтанат Сайдахметовна Тинистанова
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері; тарих ғылымдарының кандидаты; Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: tin_019@mail.ru

Аннотация. *Мақалада Қазақстандағы сайлау процесін ұйымдастыру мен өткізу барысында азаматтардың жалпыға бірдей сайлау құқығын жүзеге асыруының тәжірибелік мәселелері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруында кездесетін тәжірибелік мәселелерді талдау және мұндай мәселелердің алдын-алу мақсатында ұсыныстар жасау болып табылады. Зерттеу жұмысын жүргізуде сайлау заңнамасы мен оны сайлау учаскелерінде іске асырудың тәжірибесін қарастыру талдау әдісі арқылы жүзеге асырылды. Сондай-ақ, сайлау заңнамасының тәжірибесін зерттеуде байқау әдісі пайдаланылса, нәтижелері синтез әдісімен біріктірілді. Нәтижеде сайлау заңнамасында қарастырылған жалпыға бірдей сайлау құқығы, тең сайлау құқығы сияқты әмбебап қағидаттардың учаскелік сайлау комиссияларының жұмысының бастауы болып табылатын жариялылық, алқалылық, ашықтық қағидаттарымен астаса жұмыс жасамайтыны байқалды. Және де осыған байланысты талқылаулардың нәтижелері ұсынылып, жергілікті атқарушы органдардың, учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын жетілдіруге қатысты тәжірибелік және заңнамалық ұсыныстар жасалды. Зерттеу нәтижелерін азаматтың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын мейлінше қамтамасыз ету мақсатында сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіруде Орталық сайлау комиссиясының, жергілікті атқарушы органдар мен учаскелік сайлау комиссияларының қызметінде пайдалануға ұсынылады. Мақалада қарастырылған материалдар негізінде азаматтардың жалпыға бірдей сайлау құқығын қамтамасыз ету мақсатында сайлауды ұйымдастыру мен өткізу процесінің тәжірибесіне көбірек мән берілуі тиіс деген қорытындыға келдік. Себебі, теориялық тұрғыда сайлауды өткізудегі барлық құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері қамтылған деп көрсетілгенімен де, оны іске асырудың тәжірибесі әр өңірде, әрбір сайлау учаскесінде әртүрлі болып келетіні анықталды. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың сайлаушылардың тізімін қалыптастыру жұмыстарын жетілдірудің негіздері анықталды. ҚР Президенті, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлауда азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын шектемеу мақсатында олардың тұрғылықты жері бойынша тіркеуде болу не болмауының маңыздылығы қарастырылды.*

Түйін сөздер: *сайлау, сайлау құқығы, азамат, сайлау процесі, демократия.*

[1] *Хат-хабарларға арналған автор*

ПРАКТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ВСЕОБЩЕГО АКТИВНОГО ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРАВА

Айтимов Болат Жолдасбекович
Ассоциированный профессор высшей школы права и экономики Жетысуского университета имени И.Жансугурова; доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент), Республика Казахстан, г.Талдыкорган, e-mail: bola_30081978@mail.ru

Нукушева Айгуль Ашимовна
Профессор кафедры гражданского и трудового права Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат юридических наук, доцент, Республика Казахстан, Караганда, e-mail: akuka007@mail.ru

Тинистанова Салтанат Сайдахметовна
Преподаватель-лектор высшей школы права и экономики Жетысуского университета имени И.Жансугурова; кандидат исторических наук; Республика Казахстан, г.Талдыкорган, e-mail: tin_019@mail.ru

Аннотация. *В статье рассмотрены практические вопросы реализации гражданами всеобщего избирательного права при организации и проведении избирательного процесса в Казахстане. Целью исследования является анализ практических вопросов, возникающих при организации и проведении выборов при осуществлении гражданами всеобщего активного избирательного права, и выработка предложений с целью предотвращения таких проблем. Рассмотрение избирательного законодательства и практики его реализации на избирательных участках в проведении исследовательской работы осуществлялось методом анализа. Также при изучении практики избирательного законодательства применялся метод наблюдения, результаты сочетались с методом синтеза. И в связи с этим были представлены результаты обсуждений, выработаны практические и законодательные предложения по совершенствованию работы местных исполнительных органов, участковых избирательных комиссий. Результаты исследования рекомендуются к использованию в деятельности Центральной избирательной комиссии, местных исполнительных органов и участковых избирательных комиссий в совершенствовании организации и проведения выборов в целях максимального обеспечения всеобщего активного избирательного права гражданина. На основании материалов, рассмотренных в статье, мы пришли к выводу, что в целях обеспечения всеобщего избирательного права граждан, больше внимания должно быть уделено практике процесса организации и проведения выборов. Причиной данного утверждения является то, что хотя теоретически как бы все правовые и организационные механизмы проведения выборов охвачены, установлено, что опыт их реализации различен в каждом регионе, на каждом избирательном участке. В этой связи определены основы совершенствования работы местных исполнительных органов по формированию списков избирателей. В целях недопущения ограничения всеобщего активного избирательного права граждан на выборах Президента РК, депутатов Мажилиса Парламента РК была рассмотрена важность наличия либо отсутствия регистрации по месту жительства граждан.*

Ключевые слова: *выборы, избирательное право, гражданин, избирательный процесс, демократия.*

PRACTICAL PROBLEMS OF REALIZATION OF IMPLEMENTING UNIVERSAL ACTIVE VOTE RIGHT

Aitimov Bolat Zholdasbekovich
Associate Professor of the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I.Zhansugurov; PhD, associate professor; Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: bola_30081978@mail.ru

Nukusheva Aigul Ashimovna
Professor of the Department of Civil and Labor Law of the Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Candidate of Law, Associate Professor, Republic of Kazakhstan, Karaganda, e-mail: akuka007@mail.ru

Tinistanova Saltanat Saidakhmetovna
Lecturer of the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I.Zhansugurov; Candidate of Historical Sciences; Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: tin_019@mail.ru

Abstract. *This article presents practical issues of citizens implementing universal suffrage in Kazakhstan during electoral processes, specifically their implementation during organisation and conduct of electoral processes. The objective is to analyze problems which arise during elections when citizens exercise universal active suffrage, in order to develop proposals on how best to manage these challenges in future elections. Analyses were employed when considering electoral legislation as implemented at polling stations via analysis method; when studying its practical implementation through observation method with results combined using synthesis. As a result, it was observed that electoral legislation does not align with its universal principles, such as universal and equal suffrage, nor with precinct election commission's working principles of transparency, collegiality and openness, which serve as foundation of their work. Discussion results were shared out, practical legislative proposals developed for improvement to strengthen local executive bodies/precinct election commission's work processes. The reason for this statement is that although theoretically all legal and organizational mechanisms of elections are covered, it is established that the experience of their implementation is different in each region, at each polling station. In this regard, the basis for improving the work of local executive bodies on the formation of voter lists has been determined.*

In order to prevent the restriction of the universal active suffrage of citizens in the elections of the President of the Republic of Kazakhstan, deputies of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the importance of the presence or absence of registration at the place of residence of citizens was considered.

Key words: *elections, suffrage, citizen, electoral process, democracy.*

DOI: 10.52026/27885291_2024_76_1_32

Кіріспе

Елімізде өтетін Қазақстан Республикасы Президенті немесе Парламенті Мәжілісінің депутаттарын, сондай-ақ жергілікті мәслихаттар депутаттарын сайлау саясаткерлерді ғана емес, сонымен бірге мемлекетіміздің тағдырына бей-жай қарамайтын әрбір қазақстандық үшін қызықтыратыны белгілі. Қазіргі уақытта елімізде ҚР Конституциясы негізінде қазақстандық қоғамның қажеттіліктері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен қағидаттардың ережелері мен талаптарын ескеретін тиімді әрекет ететін сайлау заңнамасы қалыптасты деп есептейтін авторлар да жоқ емес [1, 6-13б.]. Шындығында заңнамалық тұрғыда сайлау процесі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жетілген және қажетті тұстары толыққан. Алайда, тәжірибеде оны іске асыруда кемшіліктері бар екені көрініп жатады және де мұндай заңнамалық-процедуралық кемшін тұстарын жетілдірудің жыл өткен сайын маңыздылығы артып келеді. Жоғарыда аталған авторлар азаматтардың «сайлау

құқықтарын жетілдірудің маңызы мен мәні қоғам мен мемлекет өмірінің өткір мәселелерін шешуде олардың өз еркін білдіруге мүмкіндік беретінімен, сол арқылы мемлекеттік өкілді органдар жүйесін қалыптастырумен» [1, 6-13б.] байланыстырады.

Біздің ойымызша, шынайы демократиялық сайлау бұл азаматтардың өз еркін ешкімнің араласуынсыз білдіре алуы арқылы мемлекеттің жоғары және жергілікті билік органдарын қалыптастыруымен көрініс табатын ел халқына ғана тиесілі егемендік құқығының көрінісі. Сайлауды ұйымдастыру мен өткізу - азаматтардың саяси билік үшін күресін бейбіт жолмен шешу мақсатын көздейді, сол арқылы елдегі бейбітшілік пен тұрақтылық сақталады. Сайлаудың әділ әрі ашық өтуі халықтың мемлекетке, мемлекеттік билік органдарына деген сенімін нығайтып, ол өз кезегінде саяси тұрақтылыққа қол жеткізудің бірден-бір құралы екенін ұғынатын уақыт жетті. Демек, мемлекеттегі саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрақтылық пен бейбіт өмірдің басты негізі сайлау процесін ашық әрі жариялы өткізу десек қателеспейміз. Сондықтан сайлау процесінің барлық кезеңдерінде шынайы демократиялық сайлаудың жалпыға бірдей сайлау құқығы, тең сайлау құқығы, төте сайлау құқығы, азаматтардың жасырын дауыс беру арқылы ерікті еркін білдіруі сияқты әмбебап қағидаттары сайлау комиссиялары қызметінде сақталуы тиіс алқалылық, ашықтық пен жариялылық сияқты принциптерімен астасып жатуы тиіс.

ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауларын талдау сайлау процесін жетілдірудің мемлекет пен қоғам үшін көкейтесті мәселе болғанын көрсетеді. Жолдауларға құқықтық талдау жүргізу сайлау процесін реформалаудың қоғамды одан әрі демократияландырумен байланысты реформалармен қатар жүргенін байқатты. Айтар болсақ, ҚР Президенті Қ.Тоқаев 2021 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды» деп көрсете отырып, сайлауды реформалаудың мұндай қадамдары қоғамның саяси жаңғыруының алғышарты болғанын атап өтті[2]. Сайлау процесі еліміздегі әкімшілік реформаларды жүзеге асырудың тәсілі ретінде де президент жолдауларында үнемі аталып өтіледі[3]. Президент жолдаулары мен сөйлеген сөздерінде сайлауды реформалау арқылы еліміздегі сайлау кезеңдерін тиімді жоспарлауға, ауыл, кент, сондай-ақ аудан әкімдерін сайлауға мүмкіндік алғанымызды аңғаруға болады.

Тақырыптың өзектілігін бізге дейінгі жасалған ғылыми талдаулардан байқауға болады. Отандық және шетелдік ғалымдар азаматтардың сайлау құқығының әртүрлі мәселелеріне тоқталып келеді және бұл қуантарлық жағдай екенін айта кетуіміз керек. Соңғы 5 жыл көлеміндегі оқу және ғылыми әдебиеттерге шолу жасай отырып, ғалымдардың сайлау құқығын жүзеге асырудың негізгі шарттарына [2, 39-51б.], сондай-ақ авторлардың көпшілігі сайлау құқығын іске асырумен байланысты шағымдарды қараудың сотқа дейінгі және соттық тәжірибесіне шолу жасайтыны анықталды. Қазақстандық ғалымдар Ф.А. Ержанова, Р.М. Жамиева, Г.А. Ильясова өз мақаласында сайлау заңнамасын қолданудың тәжірибесі сот тәжірибесін талдаған [3, 27-36б.]. Сондай-ақ, сайлау процесі барысындағы шешімдер мен әрекеттерге шағым жасау мен олардың күшін жоюдың сотқа дейінгі тәжірибесін авторлық ұжыммен қарастырса [4, 1-10б.] және сотта қаралу мәселелеріне де тоқталған ғылыми еңбектер кездеседі [1, 6-13б.]. Сайлау комиссиясы мүшелерінің мәртебесінің қазіргі жағдайына тоқталған ғылыми зерттеулер де бар [5, 19-28 б.].

Отандық ғалымдардың кейбірі мүгедек адамдардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын қамтамасыз етудің арттыру мақсатында сайлау туралы заңнамаға өзгерістер енгізуді қарастырған [6, 50-59б.] және де бұл ғылыми зерттеулерді де нәтижелі болғаны қуантады. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңына 2022 жылдың 5 қарашасында енгізілген өзгерістерге сәйкес Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеуде партиялар тарапынан ұсынылатын тізімде және депутаттық мандаттарды бөлген кезде ман-

[2] Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340

[3] Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340

даттардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайтын үш санат өкілдеріне мүгедектігі бар адамдар енгізілді[4].

Азаматтардың сайлау құқықтарын жүзеге асыруда негізге алынуы тиіс бастапқы қағидалардың сақталауының маңызы мен мәнін, оның қазақстандық тәжірибесін ашуға тырысқан еңбекті ерекше атауға болады [7, 77-86 б.]. мақалада қазақстандық сайлау жүйесінің мажоритарлық жүйеге қайтадан көшуінің ерекшеліктерін, ауыл, кент көлеміндегі әкімдерді сайлаудың ерекшеліктері мен соңғы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжіліс депутаттығына сайлауды өткізуде жіберілген бұзушылық жағдайларға тоқталған [7, 82-83б.].

2023 жылғы 19 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлау барысында дауыстарды санауда[5], байқаушылармен жұмыс жасауда[6], дауыс беруді ұйымдастыруда[7], бюллетеньдерді таратуда[8], дауыстарды санауда[9] т.б. сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде сан түрлі заңсыздықтар мен келеңсіздіктер орын алғанын БАҚ және әлеуметтік желі контенттерін талдауда байқалады. Және мұндай мысалдарды мақаламызда көптеп көрсетуге болады. Осыған орай, сайлау процесінің ашық әрі жариялы түрде өтуі, сайлауда азаматтың саяси құқықтарын толығымен қамтамасыз ету, сайлауды өткізу барысында саяси науқанға ешқандай кедергі жасамау мәселелері сайлау процесін, соның ішінде дауыс беруді ұйымдастыру тәжірибесін тағы да бір қайта қараудың өзектілігін туғызып отыр.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасында сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде сайлау құқығының принциптерінің сақталуын зерттеу үшін соңғы жылдардағы отандық ғалымдардың еңбектері, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы, Орталық Сайлау комиссиясы қабылдаған нормативтік актілері, сондай-ақ сайлау комиссияларының жұмысын байқау нәтижелері алынды. Ғылыми еңбектердегі ой-пікірлер мен сайлау туралы заңнама нормаларына талдау жасалып, олардың тәжірибемен салыстыруда салыстырмалы-құқықтық, синтез әдісі пайдаланылды.

Талқылау мен нәтижелер

Сайлауды өткізудің қазақстандық тәжірибесін талдай келе азаматтардың саяси құқығына, соның ішінде жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін бірнеше тәжірибелік мәселелер бар екені байқалды.

Азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруда туындайтын ең бірінші мәселенің бірі олардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуде болу мәселесі. ҚР Конституциясының 33-бабының 2-тармағы «Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар деп көрсетіледі. Демек, сайлауда жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын іске асырудың ең маңызды шарты ретінде ең жоғарғы күші бар ҚР Конституциясы «республика азаматы» болуы жеткілікті деп көрсетеді. Алайда, «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы адамның азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі шарттың бірі тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуде болуы. Азамат сайлау күні өзінің болатын жерінде мемлекеттік тіркеуде болмаған жағдайда оған дауыс беру мүмкіндігі берілмейді. Мұндай мүмкіндік негізгі тіркелген жері бойынша есептен шығару куәліктері болғанда ғана беріледі. Облыстық, аудандық мәслихат депутаттарын сайлауда есептен шығару куәліктерін болғанның өзінде сайлаушы дауыс беру күні келген жеріне қарай өзіне тиесілі бюллетеньдердің біреуі (үшеуі не төртеуі) бойынша ғана дауыс беруге мүмкіндігі бар. Нәтижесінде, ҚР азаматтарының конституцияда баяндалған жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы шектеледі. Осыған сәйкес, ҚР азаматтарының конституциялық

[4] *«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_*

[5] *Сайлау 2023 Мойнак / 2 часть // https://www.youtube.com/watch?v=mmUFxKqpxpU*

[6] *Сайлау 2023 Мойнак / 1 часть // https://www.youtube.com/watch?v=mmUFxKqpxpU*

[7] *Сайлау-2023: Бір өкініш, Бір үміт ... https://zhasalash.kz/news/sajlau-2023-bir-okinish-bir-umit-23841/*

[8] *Сайлау 2023: Дауыс беру қалай өтті? https://abai.kz/post/166584*

[9] *Амалбек Өміртай: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сеніміне қиянат жасалды // https://www.facebook.com/reel/944995443358028*

сайлау құқықтарын шектеуді болдырмау мақсатында мемлекеттік тіркеу мәселесі жетілдіруді талап етеді. Бұл мақсатта шетелдік тәжірибелерді ескере отырып[10], сайлаушыларды тіркеудің орталықтандырылған жүйесінен бас тартып, олардың кез-келген сайлау учаскесінде дауыс беруіне мүмкіндік беруді қамтамасыз ету уақыт күттірмейді. Оны шешу тәжірибегі ел (аймақ) болашағы үшін дауыс беруге мүмкіндігі бар азаматтарымыздың барлығының да еліміздің кез келген нүктесінде дауыс беруге мүмкіндігін тудырады.

Екінші мәселе учаскелік сайлау комиссияларының жұмыстарын ұйымдастыруда болып отыр. Мәселені тарқатып айтсақ, ең алдымен сайлау комиссияларының бюллетеньдермен қамтамасыз етілуі. Бұл аса маңызды мәселе себебі, сайлау бюллетеньдерінің кез келген қолда жүруі елімізді демократияландыру үрдісіне көлеңкесін түсіреді. Нәтижесінде, сайлаушылардың үмітін жоғалта отырып, мемлекеттік билік органдарына, сайлауға деген сенім азаяды. Учаскелік сайлау комиссияларын бюллетеньдермен қамтамасыз ету тәжірибесін зерттей келе, 2 түрлі сұрақ туындады. Біріншісі, сайлау бюллетеньдері тәжірибеде аудандағы аумақтық сайлау комиссиялары түрлі жеке баспа үйлерінде тапсырыс негізінде әзірлейді. Бюллетеньдердің сайлаушылардың жалпы санының 1% резервімен (немесе одан артық) дайындалып жатқанын байқаушылар немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы тарапынан бақылай алу механизмі қалыптаспаған. Екіншісі, сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1% резервімен жеткізіледі. Бұл жерде туындайтын мәселе сайлаушылардың саны 500-ден төмен сайлау учаскелеріне жеткізілетін резервтің санының жеткіліксіздігі. Айта кету керек ауылдық жердегі сайлаушылардың белсенділігі өте жоғары болып келеді. 1% резервтегі бюллетеньдер есептен шығару куәлігімен (бұл негізінен бюллетеньдерді күзетуге келген құқық қорғау органдары қызметкерлері) келгендерге, мемлекеттік тіркеуде бар, бірақ та сайлаушылар тізімінде жоқ азаматтарға (мұндай азаматтарды УСК өз шешімімен сайлаушылар тізіміне сайлау күні де енгізуге құқылы), бюллетеньді бүлдіріп алған азаматтарға жеткіліксіз. Бюллетеньдердің жеткіліксіздігі нәтижесінде азаматтарды дауыс беруге жібермеуге сол арқылы олардың конституциялық құқықтарын тағы да шектеуге алып келеді. Сонымен бірге тәжірибеде бюллетеньдер жеткіліксіз болған жағдайда, УСК-сы аумақтық сайлау комиссиясынан арнайы сұраныс негізінде алдырту тәжірибесі қалыптасқандығын байқадық. Егер, аумақтық сайлау комиссияларында басы артық бюллетеньдер болатынын ескерсек, біз жоғарыда айтқан демократиялық үрдістердің, әрбір азаматтың ел болашағынан қатысу мүмкіндігінің азаятынына көз жеткізу қиын емес. Сайлау бюллетеньдерінің жеткіліксіздігі ауруханалар мен уақытша ұстау изоляторларында құрылған УСК тәжірибелерінен байқауға болады. Мұндай мекемелерге сайлау күні келіп түскен азаматтар дауыс беруді өткізетін күні тізімге енгізіледі[11]. Қанша азаматтың науқастанып түсетінін немесе уақытша ұстау изоляторына түсетінін алдын ала білу мүмкін емес. Бұл жағдайда да кейбір азаматтар өзінің жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының қызметі ашықтық, алқалылық және жариялылық принциптерінің негізінде жүргізілуі тиіс. Тәжірибеде осы принциптердің іске асырылу мәселесі біз айтып отырған екінші сұрақты туындатады. Нақтырақ айтсақ, учаскелік комиссия бұл алқалы орган, азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу, тізімнен шығару, немесе бюллетень беруден бас тарту сияқты т.б. мәселелерді шешуді комиссияның алдына мәселе қойылып, 3/2 мүшелердің қатысуымен, ашық дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер заңды деп танылуы тиіс. Тәжірибеде барлық шешімдерді комиссия төрағасы қабылдайды және шешім қабылдау процесі ашық түрде жүрмейді. Оны байқаушылардың бақылауына мүмкіндік берілмейді. Бұл сайлау процесінің ашық әрі жариялы түрде өтуіне ғана емес, сонымен бірге азаматтың жалпыға бірдей сайлау құқығын жүзеге асыруына да кедергі келтіреді деп есептейміз. Себебі, бірнеше рет өткен сайлауды бақылау, оның құжаттамаларын байқау барысында азаматтардың тізімге енгізу туралы өтініштерін тіркеп, бюллетень беруден бас тарту туралы

[10] *Процедура выборов в парламент Ирана // https://ria.ru/20200221/1564959730.html*

[11] *«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_*

комиссиялары хаттамалары жоқтың қасы деп айта аламыз. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР конституциялық заңының 18-бабы УСК-сы «сайлау туралы заңды түсіндіруді ұйымдастырады» деп нақты көрсеткен. Әрбір сайлау учаскесіне келген азаматтың дауыс беруге байланысты толық түсініктеме алуға құқығы бар. Сонымен бірге дауыстардың санау процедурасы да біз жоғарыда айтып отырған ашықтық, жариялылық принциптерін сақтай отырып өткізілуі тиіс. Біздің УСК дауыс санауда оған байқаушыларды қатыстыруда елеулі қателіктер жіберіп жатады.[12] ҚР Сайлау туралы конституциялық заңы «Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының ерік білдіруін жариялайды», «Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады.» деп көрсетілген. Алайда, тәжірибеде дауыстарды санаудың біркелкі тәжірибесі қалыптаспағанын байқау қиын емес. Көбіне дауыс берудің нәтижелерін комиссия мүшелері ешкімге жарияламастан санайды, сондай-ақ байқаушыларға заңсыз шектеулер қояды (6 метр қашықтықта тұру).[13] Осыған байланысты сайлау учаскелерінің жұмысын жоғары аталған қағидаттарға сәйкес ұйымдастыру мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын жүзеге асыру тәжірибесін талдауда анықталған келесі мәселе дауыс беру процесіне байланысты туындайды. ҚР сайлау туралы конституциялық заңы «республика Президентін, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарын, мәслихат депутаттарын ҚР азаматтары тікелей сайлайды және де мұндай төте сайлау құқығын ешкімнің бақылауына мүмкіндік бермеу үшін дауыс берудің жасырын болуы» принципін қарастырады. Науқастығына, қарттығына байланысты бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін алуға құқылы деп көрсетілген. Алайда, мұндай өзі сенетін адамның қандай адам болуы қажет деген мәселелер де шешімін таппаған. Мысалы, оның жас мөлшері, әрекетке қабілетті болуы деген сияқты мәселелер заңда нақты айқындалмаған. Тәжірибеде мұндай көмек көрсеткен адамдарды сайлаушылар тізімінің ескертпесіне немесе берілген өтінішке тіркеу, олардың мәліметтерін енгізу тәжірибесі қалыптаспаған. Нәтижесінде, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР конституциялық заңының 42-бабының 1-тармағында көзделген адам көмектесіп жатырған жоқ па? деген сұраққа мүлдем жауап таба алмайсыз. Ал бұл өз кезегінде азаматтардың жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығын іске асырудағы адамның еркін ерікті білдіруіне әсер етеді. Бұл мәселе де заңда айқындалуы тиуыс деп ойлаймыз.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде, Қазақстан Республикасындағы сайлау процесін жүзеге асыру жеткен жетістіктерге қарамастан, алдағы уақытта әлі де жетілдірер тұстары бар екені анықталды.

1. ҚР азаматтығын алған, алайда тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуге тұрмаған, сондай-ақ тумысынан ҚР азаматы болып табылатын, осыған қарамастан тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуге тұрмаған азаматтарды айқындау және де сайлаушылар тізімінде қайтыс болған немесе шетелген тұрғылықты тұруға немесе азаматтығынан айырылған азаматтарды сайлаушылар тізімінде болдырмау мақсатында жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордағы мәліметтерді жаңарту жұмыстарын қолға алу қажет.

2. Президент, Парламент мәжілісі депутаттарын сайлауда тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тіркеуде болу қағидатын негізге алынбауы қажет. Бұл жағдайда Шығыс Еуропа елдері мен Иран тәжірибесін негізге алуға болады.

3. Сайлаушылардың белсенділігіне Орталық және аумақтық сайлау комиссиясының тарапынан мониторинг жасалып, резервпен берілетін бюллетеньдердің санын арттыруға заңды мүмкіндік беру қажет.

4. Өз бетінше бюллетеньді толтыруға мүм-

[12] *«Қылмыстық топ сияқты». Референдумда «заң бұзуды» көрген тәуелсіз бақылаушылар сотта жеңілді // https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-observers-who-found-violations-in-the-referendum-lost-in-a-lawsuit/31909324.html*

[13] *Сайқымазақ сайлау – ауылдан бастала ма?! // https://zhasalash.kz/news/sajqymazaq-sajlau-auyldan-bastala-ma-23155/*

кіндігі жоқ азаматтарға көмектесе алатын азаматтың белгілері заңда нақтылануы тиіс (мәселен, азаматтығы, жас мөлшері, әрекетке қабілеттілігі т.б.).

5. Учаскелік сайлау комиссияларында сайлау процесіндегі, соның ішінде дауыс беру күні атқарылуы тиіс процедуралардың нақты бір әдіснамасы жасалып, Орталық сайлау комиссиясының Қаулысымен бекітілуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мусилимова К.С., Е.К. Кубеев, Билялова М.И. Обжалование и отмена решений и действий в ходе избирательного процесса // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». - №3 (99)/2020. – С.6-13.

2. Таубаев Б.Р., Телеуев Г.Б., Амирова Б.К., Сабырбаев А.М. Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: оқу құралы. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2018. – Б.39-51.

3. Ержанова Ф.А., Жамиева Р.М., Ильясова Г.А. Некоторые вопросы совершенствования избирательного законодательства РК: анализ судебной практики // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». - №1 (97)/2020. – С.27-36.

4. Bilyalova M.I. Some questions of improvement of electoral legislation in the Republic of Kazakhstan / M.I. Bilyalova, K.S. Musilimova, G.A. Ilyassova // Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues. — 2019. — V. 22. — Iss. 2. — P. 1–10.

5. Yerzhanova F.A. Status of members of election commissions: legislation, practice and international experience / F.A. Yerzhanova, K.S. Mussilimova // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. - 2019. - № 2 (94). - С. 19–28.

6. Сартаева Н.А., Ахметов Е.Б. Вопросы совершенствования законодательства о политических партиях и выборах в целях обеспечения участия лиц с инвалидностью в общественно-политической жизни страны // Вестник института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. – 2022. - №4 (71). – С.50-59.

7. Балабиев К.Р., Құрманова А.Қ. Қазақстанды жаңғырту бағытында сайлау құқығы қағидаларын жүзеге асыру мәселелері // Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat instıtýtynyń JARSHYSY. Gylymi-quqyqtyq jýrnal. – 2023. - №3 (74). – Б.77-87.

REFERENCES

1. Musilimova K.S., E.K. Kubeev, Biljalova M.I. Obzhalovanie i otmena reshenij i dejstvij v hode izbiratel'nogo processa // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Pravo». - №3 (99)/2020. – S.6-13

2. Taubaev B.R., Teleuev G.B., Amirova B.K., Sabyrbaev A.M. Қazaқstan Respublikasynyң sajlau құқyғy: oқi құraly. – Taldyқorғan: I.Zhansygirov atyndaғy Zhetisu memlekettik universiteti, 2018. – B.39-51

3. Erzhanova F.A., Zhamieva R.M., Il'jasova G.A. Nekotorye voprosy sovershenstvovanija izbiratel'nogo zakonodatel'stva RK: analiz sudebnoj praktiki // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Pravo». - №1 (97)/2020. – S.27-36

4. Bilyalova M.I. Some questions of improvement of electoral legislation in the Republic of Kazakhstan / M.I. Bilyalova, K.S. Musilimova, G.A. Ilyassova // Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues. — 2019. — V. 22. — Iss. 2. — P. 1–10.

5. Yerzhanova F.A. Status of members of election commissions: legislation, practice and international experience / F.A. Yerzhanova, K.S. Mussilimova // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. - 2019. - № 2 (94). - С. 19–28.

6. Sartaeva N.A., Ahmetov E.B. Voprosy sovershenstvovanija zakonodatel'stva o politicheskih partijah i vyborah v celjah obespechenija uchastija lic s invalidnost'ju v obshhestvenno-politicheskoj zhizni strany // Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubniki Kazahstan. Nauchno-pravovoj zhurnal. – 2022. - №4 (71). – S.50-59

7. Balabiev K.R., Qurmanova A.Q. Qazaqstandy zhangyrtu bagytynda sailau quqygy qagidalaryn zhuzege asyru maseleleri // Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat instıtýtynyń JARSHYSY. Gylymi-quqyqtyq jýrnal. – 2023. - №3 (74). – Б.77-87

УДК 329.529

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ НОРМОТВОРЧЕСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Сарпеков Рамазан Кумарбекович
Кандидат юридических наук, заслуженный деятель Казахстана, директор Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: instzak-kz@mail.ru

ной в трудовых отношениях. Так, согласно пп.3 п.3 ст.137-1 ТК РК, законодатель допускает отношения по представлению персонала в случаях, когда требуется заменить временно отсутствующего работника. В данном случае видится двойная дискриминация в сфере труда. С одной стороны, принимающая сторона в ситуации, когда по тем или иным обстоятельствам имеется необходимость во временной замене сотрудника, обладает возможностью заключить либо трудовой договор с вытекающими из него социальными и трудовыми гарантиями работника (пп.4 п.1 ст.30 ТК РК), либо принять на работу работника направляющей стороны, на которого не распространяются существенные гарантии в сфере труда. Не трудно предположить, что работодатель с большей вероятностью обратится к возможностям договора по представлению персонала. Частные работодатели дискриминируют своих работников не только из-за сексистских, расистских, эйджистских или иных стереотипов, но и по чисто экономическим причинам. Зачастую дискриминация экономит работодателю денежные средства [5, с.1043]. В данном случае происходит дискриминация работников, изъявляющих желание осуществлять трудовую деятельность с заключением трудового договора. Их нежелание поступиться своими трудовыми правами может стать дискриминационной основой для отказа работодателем (принимающей стороной) в заключении трудовых отношений. С другой стороны, безусловно, осуществление работы временно отсутствующего работника работником направляющей стороны ограничивает право последнего получить одинаковую с замещенным работником заработную плату, право получить ежегодный трудовой отпуск, компенсационные выплаты, доплаты и т.п. Кроме того, в отличие от работников, работающих по трудовому договору, работники направляющей стороны лишены трудового права обращения в согласительную комиссию, ведения коллективных переговоров и т.п. Законодатель четко указывает, что трудовой спор может возникнуть только у работника и работодателя по вопросам применения трудового законодательства РК, выполнения или изменения условий соглашений, трудового и (или) коллективного договоров, актов работодателя (пп.16 п.1 ст.1 ТК РК).

Результаты

В соответствии с Социальным кодексом РК, не допускается регистрация лиц в качестве безработных, если они осуждены по решению суда к исправительным работам либо общественным работам (пп.6 п.3 ст.99). В данном случае считаем необходимым указать на дискриминационный характер данного пункта закона, поскольку запрет на регистрацию осужденного лица в качестве безработного, ущемляет права последнего на реабилитацию. Требования статьи буквально ограничивают права граждан на труд, нарушают принцип свободы труда. Согласно п.3 ст.65 УПК РК[5], осужденным именуется подсудимый, в отношении которого вынесен обвинительный приговор. Норма Социального кодекса РК, указанная в пп.6 п.3 ст.99, прямо противоречит конституционному принципу социальной защиты от безработицы (п.2 ст.24). Получается, что поскольку безработными признаются лица, ищущие работу и готовые к ней приступить, запрет для осужденных на общественные или исправительные работы считаться безработными лишает их возможности государственной поддержки в сфере занятости. Таким образом, из круга потенциальных субъектов государственного патронажа в сфере занятости искусственно выпадает значительная часть социально-уязвимого населения. Примечательно, что Закон РК «О занятости населения РК»[6], в отличие от Социального кодекса РК содержит всего пять оснований для обязанности соблюдать запрет на регистрацию в качестве безработного. В силу пп.10 п.1 ст.10 УИК РК, осужденные имеют право на социальное и пенсионное обеспечение в соответствии с законодательством РК. Однако Социальный кодекс РК лишает осужденных возможности не только иметь статус безработного, получить государственную поддержку в сфере занятости, но и быть субъектом социальной защиты от безработицы путем возможности получать социальную выплату по случаю потери работы (п.1 ст.113). Кроме того, не понятен обширный круг лиц, охватываемый рассматриваемой нормой.

Во-первых, осужденным считается лицо, в отношении которого вынесен приговор, и совсем не обязательно, что вышеупомянутый судебный акт вступил в законную силу.

[5] *Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан. Кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗРК // "Казахстанская правда" от 10.07.2014 № 133 (27754)*

[6] *О занятости населения. Закон Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года № 482-V ЗРК. Утратил силу кодексом Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII. // "Казахстанская правда" от 08.04.2016 г., № 66 (28192)*

К примеру, УК РК предусмотрена отсрочка исполнения наказания беременным женщинам, женщинам, имеющим малолетних детей, мужчинам, воспитывающим в одиночку малолетних детей на срок от одного года до пяти лет (ст.74 УК РК). В случае применения отсрочки исполнения приговора, осужденный, содержащийся под стражей, освобождается в зале суда незамедлительно, а осужденный, в отношении которого применено наказание в виде лишения свободы, после вынесения приговора под стражу не заключается. В течение пятнадцати дней приговор может быть обжалован. Уголовное дело с учетом сроков формальных процедур подготовки и передачи материалов уголовного дела на рассмотрение в апелляционной инстанции, как правило, находится на рассмотрении в апелляционном суде от одного, двух месяцев и далее, в зависимости от сложности. Таким образом, при потенциальной возможности оправдания, сам факт вынесения приговора и следующего за ним получения статуса осужденного, лишает потенциально невиновного в преступлении лица стать субъектом реализации принципа трудового права на защиту от безработицы, связанную с обязанностью государства всесторонне содействовать обеспечению занятости населения.

Во-вторых, несмотря на то, что обвиняемое лицо было осуждено приговором суда, данный приговор вступил в законную силу, а осужденный отбывает наказание в местах лишения свободы или состоит на учете уголовно-исполнительных органов в связи с осуществлением общественных, исправительных работ, у осужденного не утрачивается возможность кассационного обжалования, обращения в Конституционный суд либо возобновить рассмотрение уголовного дела по вновь открывшимся обстоятельствам. Считаем неприемлемым ограничивать права физических лиц и сужать подобным образом обязанность государства в сфере трудового права по обеспечению социальной защиты от безработицы лишь на основании вынесения судебного акта. Суды могут ошибаться, судебные акты могут быть отменены, пересмотрены, отправлены на новое рассмотрение. Статус осужденного сам по себе не может быть основанием для лишения человека фундаментальных социальных гарантий, поскольку данный статус указывает лишь на результат государственного карательного воздействия, представляет собой указание на меру ответственности за какое-либо правонарушение. Кроме того, осужденные, помимо основного наказания, приобретают судимость, т.е. особое правовое состояние осужденного лица, которое влияет на его социальное положение в обществе, ограничивает на законном основании его определенные трудовые права, препятствует реализации права на трудоустройство по некоторым видам профессий, обязывает работодателей не допускать с такими лицами трудовых отношений. Тем не менее, судимость может быть погашена (п.3 ст.79 УК РК[7]), и в таком случае, осужденное лицо имеет право на реабилитацию, в том числе путем получения соответствующей справки об отсутствии судимости. Однако пп.6 п.3 ст.99 Социального кодекса РК лишает осужденных, в том числе с погашенной судимостью, социальных гарантий, причем совершенно безосновательно. На наш взгляд, вполне оправдано недопущение регистрации в качестве безработных лиц, указанных в пп.пп.1-5 п.3 ст.99 Социального кодекса РК. Причины такого недопущения могут быть разными: от законодательных ограничений, в том числе вступать в трудовые отношения (пп.1,4 п.3 ст.99) до наличия у претендующих лиц другой работы, личных средств (пп.2,3,5 .3 ст.99), и они объективно не подпадают под категорию лиц, нуждающихся в работе, чего нельзя сказать об осужденных лицах.

В-третьих, в связи с намерением увеличить количество административных взысканий, т.е. добавить в КоАП РК[8] в качестве наказания общественные работы, которые ранее как мера ответственности за правонарушения предусматривалась только в рамках уголовного законодательства, значительно расширяется круг лиц, которым государство прямо отказывает в обеспечении мер социально-трудовой защиты. Так, пп.6 п.3 ст.99 Социального кодекса РК не регистрируются в качестве безработного лица, осужденные по решению суда к общественным работам. Формулировка законодателя «решение суда» вкупе с изменениями в Конституцию РК касательно расширения видов принудительного труда подразумевает не только лиц,

[7] *Уголовный кодекс Республики Казахстан. Кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗРК // "Казахстанская правда" от 09.07.2014 № 132 (27753)*

[8] *Закон РК О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях (февраль 2023 года). Проект. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35891452&base_id=1&pos=4;-110#pos=4;-110*

осужденных за уголовное правонарушение, но и лиц, привлеченных судом к административной ответственности. В понятие решение суда входят все судебные акты, вынесенные по итогам рассмотрения различных видов судебных дел (решения по гражданским делам, приговоры, административные постановления и т.п.). Поскольку в диспозиции рассматриваемой статьи идет речь о решении суда, в которых могут содержаться наказания в виде исправительных работ, общественных работ, а также лишения свободы, подразумевается, что законодатель имел в виду именно приговоры суда по уголовным делам, однако неточность формулировки создает условия для субъектного сужения границ реализации принципа социальной защиты от безработицы, сокращения обязанностей государства в обеспечении занятости населения.

Помимо вышеуказанного необоснованного охвата лиц, кому запрещено пользоваться услугами государства по содействию в ликвидации безработицы, рассматриваемая норма Социального кодекса РК содержит дискриминацию внутри дискриминируемых субъектов. Так, по не понятным причинам не регистрируются в качестве безработных осужденные лишь за некоторые виды правонарушений, содержащие санкции в виде исправительных работ, общественных работ либо реальное лишение свободы, в то время как в отношении лиц, получивших наказание в виде штрафов, арестов, ограничения свободы, а также условного лишения свободы реализуется обязанность государства по обеспечению социальной защиты от безработицы.

Заключение

Анализ действующего трудового законодательства, а также отдельных норм Социального кодекса РК позволяет сделать вывод о том, что некоторые приницпы трудового права могут быть обоснованно ограничены в тех или иных целях, однако некоторые ограничения могут носить дискриминационный характер. Принятые один за другим изменения в законодательство, а также намерения законодателя внести рассмотренные ранее изменения и дополнения в КоАП РК, указывают на то, что ограничения в получении социальной защиты от безработицы в отношении отдельных категорий лиц. Данное обстоятельство дает основания предполагать тенденции к сужению реализации основных принципов трудового права, в том числе путем ликвидации некоторых обязанностей со стороны государства в сфере трудового права.

В таком случае считаем необходимым пересмотреть некоторые нормы действующего законодательства.

Предлагается исключить из текста пп.5 п.8 ст.123 ТК РК слова «или принимающей стороны». Данная мера необходима для того, чтобы исключить факты дискриминации работников направялющей стороны.

Кроме того, предлагается целесообразным внесение изменений в пп.6 п.3 ст.99 Социального кодекса РК следующего содержания: «Не регистрируются в качестве безработного:…6) лица, содержащиеся или отбывающие наказание в учреждениях уголовно-исполнительной системы, а также лица, отбывающие наказание в виде общественных, исправительных работ по вступившим в законную силу приговорам и постановлениям суда».

ЛИТЕРАТУРА:

1. Нургалиева Е.Н., Бухарбаева С.А. Принципы трудового права. – Алматы. – 2004. – 160 с.

2. Бугров Л.Ю. Проблемы свободы труда в трудовом праве России. – Пермь: Изд-во Перм. ун-та. – 1992. – 236 с.

3. Уваров В.Н. Трудовое право Республики Казахстан: Учебник. 2-е изд. – Алматы. Раритет, 2008. – 616 с.

4. Лушников А.М. Теория государства и права. Базовый курс: учебное пособие. – М. – 2013. – 270 с.

5. Лютов Н.Л. Определение дискриминации в сфере труда: международные трудовые стандарты и российский подход // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия Право. – Т.13.Вып.4. – 2022. – С. 1041-1057.

REFERENCES

1. Nurgalieva E.N., Buharbaeva S.A. Principy trudovogo prava. – Almaty. – 2004. – 160s.

2. Bugrov L.YU. Problemy svobody truda v trudovom prave Rossii. – Perm': Izd-vo Perm. un-ta. – 1992. – 236s.

3.Uvarov V.N. Trudovoe pravo Respubliki Kazahstan: Uchebnik. 2-e izd. – Almaty. Raritet. – 2008. – 616s.

4. Lushnikov A.M. Teoriya gosudarstva i prava. Bazovyj kurs: uchebnoe posobie. – M. – 2013. – 270s.

5..Lyutov N.L Opredelenie diskriminacii v sfere truda: mezhdunarodnye trudovye standarty i rossijskij podhod // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Seriya Pravo. – T.13.Vyp.4. – 2022. – S.1041-1057.

ZQAI

ӘОЖ 347.2/.3

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ОРНЫ

Бакыт Акылбаевна Жусипова[1]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail bakyt-enu@yandex.kz

Анар Абайханкызы Мукашева
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail anarabai@mail.ru

Ермек Баяхметович Абдрасулов
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail aermek_19@mail.ru

Аннотация. *Мақалада жануарлардың құқықтық режимінің ерекшелігін бекітетін нормативтік құқықтық актілерге және ғылыми әдебиеттерге жалпы талдау жасалды, оның ішінде халықаралық тәжірбиені ескере отырып жүргізілген талдау негізінде жануарларды қарау, ұстау және пайдалану кезіндегі жауапкершіліктің өзекті мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар азаматтық құқық объектілері жүйесіндегі жануарлардың орнын талдауға ерекше назар аударылады. Жануарларға меншік құқығы туралы мәселе жеткіліксіз дамыған және күрделі, осыған байланысты қоғамда құқықтық қақтығыстар жиі туындайды. «Жануарлар дүниесі» мен қатар басқа жануарлар санатына меншік нысанын нақтылауға мүмкіндік береді.*

Қоғамда жануар иесінің көпшілігі жануарларға қарау оларды ұстау және пайдалану кезінде азаматтық заңнамада бекітілген адамгершілік қағидатының болуын, жануарларға үлкен жауапкершілікпен қарауды ұмытады. Нәтижесінде жануарларға үлкен зиян келтіретін көптеген құқықбұзушылықтарға жол беріледі.

Авторлар қолданыстағы заңнамаларда және ғылыми әдебиеттерде жануарларды жіктеуге бірыңғай көзқарас біртұтас болмауы туралы мәселе көтереді. Жануарлар ұғымын анықтау мәселесінде жануарларға меншік құқығы объектісінде жансыз зат болып табылмайтындығын жалпы түсінуіміз қажет. Жануарлар тірі тіршілік иелеріне жатады, бұл олардың құқықтық режимінің ерекшеліктерін азаматтық құқықтың тәуелсіз объектісі ретінде анықтайды. Азаматтық кодекстегі жануарлардың құқықтық мәртебесін реттеу үшін оларды өңдеуді жаңартатын және жаңғыртатын, оның қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ететін өзгерісті қажет етеді.

Сонымен қатар ұлттық заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізуді, оның ішінде осы жануарларды күтіп-бағу және оларға тиісінше қарау жөніндегі қосымша талаптарға байланысты өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, ҚР Азаматтық кодексіне меншік құқығы объектілеріне арнайы тарауды енгізуді ұсынады.

Түйінді сөздер. *Жануарлар, үй жануарлары, қараусыз жануарлар, жануарлар дүниесі, азаматтық құқық объектісі, азаматтық құқықтық режим, меншік құқығы, заттық құқық, мүлік.*

МЕСТО ЖИВОТНЫХ В СИСТЕМЕ ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ

Жусипова Бакыт Акылбаевна
Кандидат юридических наук, доцент кафедры конституционного и гражданского права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г Астана, Республика Казахстан, e-mail bakyt-enu@yandex.kz

[1] *Хат-хабарға арналған автор*

Мукашева Анар Абайханкызы
Доктор юридических наук, профессор кафедры конституционного и гражданского права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г Астана, Республика Казахстан,
e-mail: anarabai@mail.ru

Абдрасулов Ермек Баяхметович
Доктор юридических наук, профессор кафедры конституционного и гражданского права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г Астана, Республика Казахстан,
e-mail aermek_19@mail.ru

Аннотация. *В статье проведен общий анализ нормативных правовых актов и научной литературы, закрепляющих специфику правового режима животных, в том числе на основе анализа, проведенного с учетом международного опыта. Рассматрены актуальные вопросы ответственности при обращении, использовании и содержании животных. Также особое внимание уделяется анализу места животных в системе объектов гражданского права.*

Вопрос о праве собственности на животных недостаточно развит и сложен, в связи с чем в обществе часто возникают правовые конфликты. Уточнена форма собственности с «животного мира» на категорию других животных.

В обществе большинство владельцев забывают о том, что при обращении с животными имеет место нравственный принцип, закрепленный в гражданском законодательстве, к животным необходимо относиться с большой ответственностью. В настоящее время допускаются многочисленные нарушения, которые наносят большой вред животным.

Авторы поднимают вопрос об отсутствии единого подхода к классификации животных в действующем законодательстве и научной литературе.

В вопросе определения понятия животных необходимо общее понимание того, что объект права собственности на животных не является неодушевленным предметом. Животные относятся к живым существам, что определяет особенности их правового режима как отдельного объекта гражданского права.

Для регулирования правового статуса животных в Гражданском кодексе обновляется и модернизируется их обработка, требуются изменения обеспечивающие его соответствие потребностям общества.

А также внесение изменений и дополнений в национальное законодательство, в том числе с учетом специфических особенностей, связанных с дополнительными требованиями при обращении, использовании и содержании животных, предложено ввести в Гражданский кодекс РК специальную главу об объектах права собственности.

Ключевые слова. *Животные, домашние животные, безнадзорные животные, животный мир, объект гражданского права, гражданско-правовой режим, право собственности, вещное право, имущество.*

THE PLACE OF ANIMALS IN THE SYSTEM OF PROPERTY RIGHTS

Zhussipova Bakyt Akylbaevna
Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of Constitutional and Civil Law of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Republic of Kazakhstan,
e-mail bakyt-enu@yandex.kz

Mukasheva Anar Abaikhankyzy
Doctor of Law, Professor of the Department of Constitutional and Civil Law of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail anarabai@mail.ru

Abdrassulov Yermek Bayakhmetovich
Doctor of Law, Professor of the Department of Constitutional and Civil Law of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail aermek_19@mail.ru

Abstract. *The article provides a general analysis of regulatory legal acts and scientific literature that consolidate the specifics of the legal regime of animals, including on the basis of an analysis conducted taking into account international experience.*

Topical issues of responsibility in the handling, use and maintenance of animals are considered. Special attention is also paid to the analysis of the place of animals in the system of objects of civil law.

The issue of animal ownership is insufficiently developed and complex, and therefore legal conflicts often arise in society. The form of ownership from the "animal world" to the category of other animals has been clarified.

In society, most owners forget that when dealing with animals, there is a moral principle enshrined in civil legislation, animals must be treated with great responsibility. Currently, numerous violations are allowed that cause great harm to animals.

The authors raise the issue of the lack of a unified approach to the classification of animals in the current legislation and scientific literature. In the matter of defining the concept of animals, it is necessary to have a general understanding that the object of animal ownership is not an inanimate object.

To regulate the legal status of animals in the Civil Code, their processing is being updated and modernized, changes are required to ensure its compliance with the needs of society.

As well as amendments and additions to the national legislation, including taking into account the specific features associated with additional requirements for handling, use and keeping of animals, it is proposed to introduce a special chapter on objects of property rights into the Civil Code of the Republic of Kazakhstan.

Keywords. *Animals, pets, neglected animals, wildlife, object of civil law, civil law regime, property right, property right, property.*

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми комитеті қаржыландыратын AP19679495-«Жануарлардың құқықтық режимін регламенттеу мәселелері: отандық және шетелдік тәжірибе» жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.

DOI: 10.52026/27885291_2024_76_1_106

Кіріспе

Соңғы жылдары бұқаралық ақпараттарда адамдардың жануарларға қатегездікпен қарауы оның әрекеттері, сонымен қатар жануарларды қорлау секілді видеороликтерге және фото-бейнеге түсіріп, әлеуметтік желігі орналастырғаны туралы материалдар жиі жарияланды, бұл халықаралық және ұлттық деңгейді үлкен резонанс тудырды.

Қазақстан Республикасында (бұдан әрі ҚР) жануарларға қатегездік жасау әрекеттері, иттердің (қаңғыбас) адамдарға шабуыл жасауы, оның ішінде жасөспірім балаларды қабуы жиі кездесті, оның салдары адамның өліміне, денсаулығына, мүлкіне зиян келтіруі, тағы да басқа да қоғамға қауіптілігі дәрежесі артып келе жатқаны бәрімізге мәлім.

ҚР Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңы 2021 жылғы 30 желтоқсанда қабылданып, 2022 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енгізілді.

Қоғамның мәдени және моральдық деңгейін артыруына, адамдардың жануарларға мейірімділік танытып, жануарларды қарау, ұстау және пайдалану кезіндегі жауапкершілігіне, ветеринарлық-санитарлық талаптарды орындауына, жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелесіне аса назар аудару қажеттілігі туындады, сонымен қатар мемлекеттік органдар, ұйымдар, тиісті лауазымды адамдар жекелеген азаматтарға жаңа Заңның нормаларын дұрыс біріңғай қолданылуын, оны іске асырудың себептерін түсіндіруі тиіс.

Сондықтан біз жануарларды қорғауды бала тәрбиесімен, қоғамдық моральдық жандандырумен, мемлекеттің құқықтық негіздерін нығайтумен өз үйлесім табуы оң шешімін береді деп санаймыз.

Қазақстанда жануарларды қорғау, оларға жауапкершілікпен қарау мәселесін, меншік құқығының объектісі ретінде жануарларды тану, үй жануарларының иесінің құқықтары мен міндеттерін құқықтық реттеу үшін жаңа заңнама қабылданып, құқық жүйесінде өзіндік орынға иеленді, дегенмен де Заңның олқылықтары мен кемшіліктері кездеседі. Демек жануарларды қорғау және оларға жауапкершілікпен қарау жүйесін реттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Жануарларға жанашыр әрі эколог, практик заңгерлер мен эксперттер жануарларды қорғау бойынша шараларды жасау, жануарларға қатегездікпен қараудың алдын-алу, күресуге негіз болып табылатын идеялар мен қағидаларды қалыптастырып, түрлі қоғамдық ұйымдардың арасында үйлесімді жұмысты ұйымдастыру арқылы осы сала бойынша мемлекеттің басқару жүйесін жетілдіру, қаржыландыру тәртібін іздестіру секілді мәселелер жан-жақты зерттеліп, қоғамдық талқылауға негіз болды.

Атап айтсақ практик-заңгер О.И.Ченцова (Правовая защита животных) еңбектерінде, эксперт О.Жораев (Застрелить нельзя помиловать. Почему не работает закон гуманном обращении с животными) т.б. жанашыр тұлғалардың еңбектерінде жануарларға жауапкершілікпен қарауды ұйымдастыру тәсілдеріне және заңнаманың орындалуына сыни көзқарастарын жариялады.

Нысаны мен әдістері

Сонымен қатар, осы зерттеудің проблемалық мәселесі меншік құқығының объектісі болып табылатынын анықтауға мүмкіндік беретін формальды-логикалық әдістер пайдаланбаған жағдайда елеулі ғылыми түсініктер ала алмайды. Зерттеудің толықтығы үшін шетел тәжірибелерін салыстырмалы-құқықтық қорытынды жасамай жануарларды азаматтық құқық объектісі санатына жатқызу көзқарастарын, жануарларға меншік құқығының туындауын, жануарлардың құқықтық статусын, жануарларды қорғау жүйесін зерттеу мүмкін емес.

Талқылау және нәтижелер

Жануарлар ұғымына әртүрлі ғылыми түсініктер, оның ішінде жануарлардың түсінігіне жаратылыстану ғылымы, философиялық ұғымына ғалымдардың пікірлері қалыптасқан. Айта кету керек, құқықтық анықтамасында «Жануарлар» ұғымынан басқа тағы бір ұғымын «жануарлар дүниесі» ұғымын ҚР заңнамаларында кеңінен қолданылады. Бұл терминді әртүрлі салалық заңнамалық актілерде қолданады және олардың әрқайсысы оған өз мазмұнын енгізеді.

Жануарлар негізінен азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, экологиялық, табиғи ресурстық, сондай-ақ эксперименттік (зертханалық) жануарларды пайдалану бойынша нақты құқықтық қатынастардың объектілері ретінде әрекет етеді.

Азаматтық құқық бұл жерде маңызды орындардың бірін алады. Тұтастай алғанда, меншік құқығы азаматтық құқық саласының негізгі институты болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексінің 124-бабына сәйкес, «жануарлар егер арнайы заңнамада өзгеше көзделмесе, оларға заттар туралы ережелер қолданылады, және (188-193-бап) меншік құқығы туралы нормалары қолданылады»[2]

Бұдан шығатыны, жануарлар азаматтық құқық объектілерінің мүліктік игіліктер түрлеріне теңестіріледі, сондықтан оларға меншік құқығы және меншік иесінің мүлкіне келтірілген зиян үшін азаматтық жауапкершілік туралы заңдар да қолданылады (917-бап)[3]

Меншік иесінің өзіне тиесілі затты пайдалануы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс және осы затқа қолданылатын құқықтық режимге байланысты болуы мүмкін.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (143, 407-1, 407-2 баптар) меншік құқығын бұзу, жануарларға қатегездікпен қарау, жауапкершілік қарастырылған.[4] Ал, ҚР Қылмыстық кодексінің бөтенің малын ұрлауғаны үшін, жануарларға қатыгездік жасағаны үшін, жануарлар дүниесін қорғау қағидасын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастырады (188-1, 316, 338 баптар)[5] Жануарларды қорғау мен пайдаланудың құқықтық режимі Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР заңмен реттелінеді.[6] Жануарлар дүниесі объектілері жануарлар дүниесі қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңда белгіленген негіздер бойынша жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың пайдалануына беріледі.

Жабайы жануарларды пайдалану кезінде өсімін молайту және орнықты пайдалану, ізгілік принциптеріне сәйкес жануарларға

[2] Қазақстан Республикасның Азаматтық кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268- XIII.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_(жүгінген күні 9.08.2023 ж.)

[3] Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_ (жүгінген күні 9.08.2023 ж.)

[4] Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V .// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235_ (жүгінген күні 09.08.2023ж)

[5] Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226_ (жүгінген күні 09.08.2023ж.)

[6] Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593 Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593_ (жүгінген күні 09.08.2023 ж.)

қатал қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдаланады, бұл биологиялық әртүрлілікті үнемді тұрақты пайдалануды білдіреді, осылайша болашақ ұрпақтың жануарларды пайдалану мүмкіндігіне қауіп төндірмей, қалпына келтіру қабілетінен айырылмайды.

ҚР Экологиялық кодексінің 244-бабы «жануарлар дүниесін жалпы пайдалану кезінде жануарларды алуға, олардың паналау орындарын және басқа да құрылыс жайларын қиратуға, жануарларды көбею кезеңде мазалауға, жануарлардың мекендеу ортасын бұзуға және олардың көбею жағдайларын нашарлатуға тыйым салынады»[7]

Қолданыстағы ҚР Азаматтық кодексінің ережелері жануарлардың азаматтық құқық объектілері ретінде анықталуына қатысты аз ақпарат береді, сонымен қатар жалпы қолданыстағы заңнаманың кемшілігі жануардың заңды анықтамасы жоқтығын мойындауымыз керек, ал, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР заңда жануарларды «жабайы жануарлар» түсінігін берген, яғни, аталған норма табиғи еркіндік жағдайындағы жануарлардың құқықтық режимін реттеуге бағытталған. Сонымен қатар, табиғи тіршілік ету ортасы жоқ жануарлар заң шығарушының тиісті назарынсыз қалды. Олардың анықтамасы да, жіктелуі де жоқ.

Біз «Жануарлар» ұғымын қозғалмалы, бөлінбейтін, тұтынылмайтын, азаматтық айналымда сатылым сапасына ие, ауырсынуды сезіну қабілеті және өзіндік қажеттіліктері (азықтандыру, жататын орындары т.б) бар жанды зат деп түсінеміз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы «Меншік құқығы мемлекеттік жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Жануарлар дүниесі Халыққа тиісілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады деген норма бекітілген»[8] Бұл меншіктің формалары. Әртүрлі әлеуметтік мақсат пен құқықтық режим оларды бөліп алуға негіздеме болады.

Конституциялық ережелер Азаматтық кодекстің меншік құқығы туралы қатаң дәлелдеуді қажет етпейтін негізгі саласындағы белгілі бір тұрақтылық туралы айтуға болады, жануарлар мемлекеттік және жеке меншікте болуын көздейді. Демек жануарлардың аталған белгілерге сәйкестігін анықтау олардың азаматтық құқықтар объектілеріне қатыстылығы туралы мәселені шешуге мүмкіндік береді.

ҚР Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заң нормалары жануарларды ұстау, пайдалану кезіндегі ерекшеліктерін жекелеген санаттарға бөліп қарастырады[9] Оның ішінде жабайы жануарлар, ауыл шаруашылығы жануарлары, мәдени ойын-сауық мақсаттарында пайдаланатын жануарлар, қызметтік жануарлар, үй жануарлары, демек, бұл нормалардан жануарларға меншік құқығын жануарлар иесінің заң құжаттары арқылы өзіне тиісілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану, оған билік ету құқығын білдіріп отыр, сонымен қатар меншік иесінің жануарларға қарау, ұстау және пайдалану үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүктейді.

Заңнамада қолданылатын терминдердің осы келтірілген тізімінен көріп отырғанымыздай, қазіргі уақытта осы саладағы заңнама жануарлардың жекелеген түрлерінің құқықтық режимінің ерекшелігіне қатысты айтарлықтай бытыраңқы болып табылады.

Осылайша, жаңа заң жабайы жануарларға, оның ішінде су биологиялық ресурстарына, аңшылық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы және зертханалық жануарларға, сондай-ақ акваөсіру объектілеріне, қазақы ит тұқымдарын сақтау, яғни өсіру және (немесе) жасанды түрде құрылған мекендеу ортасында жүзеге асырылатын басқа да су жануарларына қолданылмайды.

Үй жануарлары (ауылшаруашылық жануарларын қоспағанда), мәдени-ойын сауық мақсаттарында пайдаланатын жабайы жануарлар еріксіз немесе жартылай еріксіз ұсталынған (хайуанаттар бағы, цирктер, океанариумдар), қараусыз жануарлар, қаңғыбас жануарлар Заңның қолданылу аясына енеді деген қорытынды жасауға болады.

С.А. Боголюбов жануарлар дүниесін табиғи ресурстар институты ретінде қарастырды, жануарлар дүниесін қорғау құқықтық институты зерттелетін қоғамдық қатынастарға әсер етудің белгілі бір тетіктеріне (тәсілдері мен құралдарына) ие екендігіне сипаттама береді. Оның пікірінше, «Заң шығарушының жабайы жануарларға меншік қатынастарын реттеуге екі түрлі көзқа-

[7] *Қазақстан Республикасының Экология кодексі 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI .// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400_ (жүгінген күні 09.08.2023ж.)*

[8] *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(жүгінген күні 09.08.2023ж.)*

[9] *Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 97-VII . //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000097 _(жүгінген күні 09.08.2023ж.)*

расы белгілі (аң аулау объектілері де, балық аулау объектілері де). Олардың біріне сәйкес, жабайы табиғатқа меншік құқығы жерге меншік құқығынан туындайды. Жер учаскесінде, орманда немесе су қоймасында орналасқан жабайы жануарлар осы табиғи объект иесінің меншік құқығының жалғасы ретінде қарастырылады. Тағы бір тәсіл жабайы жануарларға меншік құқығын жерге меншік құқығынан бөлуді көздейді, бұл көбінесе аң аулау еркіндігіне айналады. Аңшылық фаунаның алғашқы тәсілі Ресей империясында ал екіншісі қазіргі Ресей Федерациясында жүзеге асырылды» [1, 354-б.].

Жалпы құқықтық жүйеде жануарлар дүниесін қорғауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін құқықтық институт бұрыннан қалыптасқан, ол отандық заңнамаға байланысты негізінен мемлекеттік меншік режимі арқылы жүзеге асырылады.

Д.Е. Захаровтың пікірінше, «бір жағынан, жануарлар азаматтық құқықтардың объектілері болып табылады, сондықтан жануарларға қатысты қалыптасқан қатынастар азаматтық құқықпен өзіне тән диспозитивтілік қағидаты негізінде реттеледі, сонымен қатар жануарлар - бұл тиісті мүліктік қатынастарды реттеу ерекшеліктерінде көрініс таба алмайтын тірі заттар. Екінші жағынан, «жабайы табиғаттың» табиғи ресурс ретіндегі маңыздылығы мемлекеттің табиғи еркіндік жағдайындағы жабайы табиғатқа қатыстылығы, қорғалуы және пайдаланылуы мәселелеріне ерекше қатынасын анықтайды» [2, 10-б.].

С.В Тычинин., Е.В Королева жануарлардың азаматтық құқықтар объектілері ретіндегі ерекшеліктерін талдап, авторлық бірқатар тұжырымдар берді: «Жануарлар азаматтық құқықтың объектілері болып табылады; - заң шығарушы жабайы жануарларды табиғи мекендеу ортасынан алынған жануарлар айналымын құқықтық реттеу саласын ажыратады; - табиғи мекендеу ортасынан алынған жануарлар өзге мүлік санатына жатқызылуы және зат ұғымымен сәйкестендірілмеуі тиіс; белгілі бір жағдайлар болған кезде жануарлар жоғары қауіп көзі ретінде танылуы мүмкін» [3, 84-б.].

Жануарлардың азаматтық-құқықтық режиміне мұқият назар аудару қарастырылып отырған объектілердің ерекшелігімен түсіндіріледі.

Қазақстандық жетекші цивилист ғалымдар М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин ҚР Азаматтық кодекстің 124-бабына түсініктеме берді, «Жануарлар, азаматтық заңнама тұрғысынан, мүлік, заттар, яғни азаматтық құқықтардың объектілері болып табылады. Сондықтан жануарларға заттар ретінде түсініктеме берілген бапқа сәйкес құқық объектілері туралы азаматтық заңнаманың жалпы нормалары қолданылады. Сонымен қатар, бірқатар нормативтік құқықтық актілерде жануарлардың құқықтардың жанды (тірі) объектілері ретіндегі ерекшелігі ескеріледі, атап айтқанда, жануарларға қатыгездікпен қарауға жол берілмейді» [4]. 124-баптың ережелері жануардың азаматтық құқықтардың ерекше объектісі екенін көрсетеді деп санаймыз, бұл зат емес, өйткені олар жануардың «жанды» объектісін бекітеді.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларында жалпы жануарларды оның ішінде қаңғып жүрген, ауылшаруашылығы жануарларын т.б. қараусыз қалған жануарлар ұғымына кіргізеді.

ҚР Азаматтық кодексінің 246-бабы «қараусыз жануарларға қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды жатқызады, яғни, қараусыз қалған жануар (бақылаусыз жануар) иесі жоқ жануар емес, ол табылған жағдайда оларды меншік иесіне дереу қайтаруды талап етеді, жоғалған жануарды іздестіру шараларын жүргізетін мемлекеттік органдарға міндетті түрде хабарлануы тиіс». Бастапқыда бұл норма ауыл тұрғындары үшін, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін ерекше құнды болған төрт түлік малға (сиыр, жылқы, қой) бағытталған. Қазір ол кез-келген үй жануарларына қатысты болып табылады. ҚР Азаматтық кодексі қараусыз қалған жануарларға қатысты оларды иесіне қайтару тәртібін және мұндай жануарға меншік құқығын алу мүмкіндігін бекітеді. Бір қызығы, жалпы жануарларды мүліктің бір түрі, меншік объектісі ретінде қарастыратын Кодекс олардың ерекшеліктерін ескереді.

Егер жануардың (үй жануардың мал, ірі қара малдан басқа) екі ай ішінде меншік иесі табылмаса, бұл жануарға меншік құқығы тауып алған оны баққан және пайдаланған адамға көшеді. Бұрынғы меншік иесі келген ретте егер жануардың жаңа меншік иесі жануарға қатыгездікпен қарайтыны анықталса, жануарды бұрынғы меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша немесе сот тәртібімен қайтаруды талап етуге құқылы. (АК 246-бабы, 6-тармағы)

Яғни, ҚР Азаматтық кодексі мүлікке қатыгездік жасағандығына жауапкершілік туындауын, оның бастапқы меншік иесіне қайта-

рылуы мүмкіндігін бекітеді, бұл өзі құқықтың икемділік көрсеткіші болып табылады.

ҚР Азаматтық Кодексі мен Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңның бір біріне қиылысатын тағы да бір нормалары кездеседі.

1. Азаматтық кодекстің 124-бабына сәйкес, жануарлар азаматтық құқықтар объектілеріне жатады және субъектілер бола алмайды. Мұраға қалдырушы өзінің кез келген мүлкі, оның ішінде болашақта сатып алуы мүмкін мүлкі туралы да өкім бар өсиет жасауға құқылы» (1046 бабы 5-тармағы). Бұл нормадан біз жануарларды да мұрагерлік құқықтың объектісі ретінде танылуы мүмкін деп санаймыз.

2. Жануарларға мүлік туралы жалпы ережелерді қолдануды қарастырады, мысалы, жылжымалы заттарға меншік құқығының ауысу ерекшеліктерін анықтайтын ережелер, шарттық қатынастардың жекелеген түрлері, атап айтқанда, сатып алу-сату, жалдау және т. б. Сонымен, сатып алу-сату шарты бойынша берілген малдың төліне меншік құқығына қатысты дау туындаған кезде ҚР Азаматтық кодексінің 188, 235, 406, 444-баптарының ережелері жануарларды сатып алу, сатуға қолданылады.

3. ҚР Азаматтық кодексінің 238-бабының 1-тармағына сәйкес, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, затты сатып алушының шарт бойынша меншік құқығы оны берген сәттен бастап туындайды, ал, ҚР Азаматтық кодексінің 123-бабына сәйкес, мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған түсімдер (жемістер, өнімдер, табыстар), егер заңда, басқа құқықтық актілерде немесе осы мүлікті пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, заңды түрде осы мүлікті пайдаланатын адамға тиесілі.

Біздіңше, жануарлар жанды заттар санатына жатады бұл олардың құқықтық режимінің кейбір ерекшеліктерін айқындайды. Мысалы, жануарларды ұстау олардың тіршілігін қамтамасыз ету үшін шығындарды талап етеді, бұл келісімшарттар да ескерілген жөн. Жануарлардың жанды заттар ретіндегі белгілері меншік құқығын, сондай-ақ жануарға басқа да құқықтарды алу және жүзеге асыру үшін маңызды.

Мысалы, Өскемен қаласы қалалық сотына мүлікті бөлу туралы талап арыз түскен. 2023 жылғы 14 наурызда неке тоқтатылған, жылжымалы және жылжымайтын мүліктермен қатар «померандық шпиц» тұқымдас екі иттерін Ресейден 829500 теңге (150 000 рубль) сатып алынған. Демек, екі иттің құны 1 659 000 теңгені құрайды және оның жартысын жауапкерден өндіріп алуды сұрайды. Бырақ, сараптама жүргізуге құжаттары ұсынбаған. Кейіннен талапкер К.Д. Соттан талап-арыздар бөлігінде «померандық шпиц» тұқымды иттерге қойылатын талаптарды қараусыз қалдыруды сұрады.

Сот бұл жерде иттер тауар емес, сондықтан оларды бағалау және бөлу мүмкін еместігін негізге алып отыр және талап қоюшы иттерді бөлуден бас тартуына байланысты, мүлікті бөлу кезінде ескерілмеді.[10]

Марита Хименес-Кандела (Marita Giménez-Candela) Барселона автономды университетінің профессоры, жануарлар құқығы саласын зерттеуші ғалым Испанияның Азаматтық кодексінің 333-бабындағы жануарлар түсінігін «сезімталдық тіршілік иелері» ретінде қарауды олардың құқықтық табиғаты мен оларды қорғауға арналған ережелерді түсіндіру барысында төмендегідей өзінің авторлық ұсыныстарын берді:

1) Жануарлар-сезімталдыққа ие тірі заттар. Меншік құқығы олардың табиғатымен және оларды қорғауға арналған ережелермен үйлесімді болған жағдайда ғана қолданылады.

2) Жануардың иесі одан ләззат ала алады және оны пайдаланады, оның қасиеттерін сезімталдыққа ие тіршілік иесі ретінде құрметтейді, әр түрдің ерекшеліктерін ескере отырып, оның әл-ауқатына кепілдік береді.

3) Жануарларды пайдалану туралы заң теріс пайдалануға жол бермейді. Заңды нормаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, жануарды пайдалану туралы заңда тастап кету немесе жануарды сою нормасы қарастырылмаған.

4) Жалпы азаматтық жауапкершілік ережелеріне сәйкес өтемақы төленгеніне қарамастан, үшінші тараптың үй жануарларына келтірген зияны оның өліміне, өмірлік маңызды мүшесінің немесе мүшесінің жоғалуына әкеп соқтырған жағдайда, оның қозғалу қабілеті елеулі немесе тұрақты түрде бұзылған жағдайда, оның иесі және жануарлармен бірге тұратындар өтемақы алуға құқылы, бұл туралы сот жануардың моральдық азап шеккені үшін тиісті түрде шешім қабылдайды [6, 15-б.]

Бұл жаңа категорияны түсінудің кілті жануарлардың өздерінің ақылға қонымды тіршілік иелері ретіндегі жағдайына бейім-

[10] *Сот актілернің банкі. https://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml _(жүгінген күні 09.08.2023ж.)*

делген құқықтық базасы болуы керек екенін мойындау болып табылады, бұл оларды 1889 жылғы Азаматтық кодексте осы уақытқа дейін қалыптасқан римдік дәстүр бойынша анықталғандай, оларды қозғалмалы заттар ретінде қарастырудан ажыратады.

ҚР Азаматтық кодекстің 235-бабының 3-тармағында «Азаматтық кодексте көзделген реттер мен тәртіп бойынша тұлға меншік иесі жоқ мүлікке, меншік иесі белгісіз мүлікке, не меншік иесі бас тартқан немесе өзге негіздер бойынша ол меншік құқығын жоғалтқан мүлікке меншік құқығын алуы мүмкін», және ҚР Азаматтық кодекстің 243-бабы «меншік иесі тастаған немесе меншік құқығынан бас тарту мақсатымен өзгеше түрде қалдырып кеткен жылжымалы заттар осы заттарды меншігіне қаратқандығына куә болатын өзге де іс әрекет жасап, оларды меншігіне айналдыруға құқығы бар» деген нормалар қамтылған.

Ал, ҚР Азаматтық кодексінің 246-бабының екінші абзацында жануарлардың иесін іздеу кезінде оларды ұстаған адам оларды өзінің бағынуында және пайдалануында қалдыруы, немесе осы үшін қажетті шарттары бар басқа адамға ұстауға және пайдалануға беруі мүмкін екендігі қарастырылған.

ҚР Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы Заңның 23-бабының 5 тармағында адасып қалған жануарларды иелеріне немесе жауапты адамдарға қайтару қарастырылған. Бұл нормадан біз егер, адасып қалған үй жануарларын (ит, мысық) тауып алса, оның иесін іздеуге үш күннен кешіктірмей ішкі істер органдарына немесе атқарушы органға хабарлауы тиіс. Қараусыз қалған жануарларды ұстаған адамның өтініші бойынша оларды ұстау үшін қажетті жағдайлары бар адамды іздестіруді және оған жануарларды беруді жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Иесі табылмаған жағдайда қараусыз қалған жануарларды өзіне ұстауына немесе арнайы панажайларға тапсыруға өтініш береді. Панажай иесі жануар келіп түскен күннен бастап, иесі іздестіруге, деректер базасына тіркеуге (жануарлар туралы мәліметтер), ветеринариялық қызметтер көрсетеді, волонтерлік арқылы жұртшылықты хабардар етуге тиіс.

Егер адам екі ай ішінде олардың иесі табылмаса, адасып қалған жануарды өзіне ұстауға қалдырып, кейін бағынуында болған жануарды меншігінен бас тартқан жағдайда, олар коммуналдық меншікке беріледі, тиісті жергілікті атқарушы органдары белгілейтін тәртіппен пайдаланады.

Мысалы, Чехияның Азаматтық кодексінде иесі белгісіз кез-келген зат табылған муниципалитетке берілуі керек, содан кейін иесі 6 ай ішінде өз мүлкін қайтаруды талап ете алады; егер жоқ болса, муниципалитет меншік құқығын алады[11]

Бұл мәселенің оң жағы қаңғыбас жануарларға муниципалитеттер жауапты болғандықтан қаржымен қамтамасыз етіледі, жануарларға арналған баспана желісін қолданады. Керісінше, бұл кезең меншік құқығын қорғаудың жалпы қағидатымен негізделген. Алайда, жануарлардың бастапқы иелері үшін ұзақ кезең болып табылады, жаңа үйлерді табуды қиындатады, өйткені баспанадан жануарды алуға мүдделі адамдар бұл уақытты күтуі керек.

Бастапқы иелер, әдетте, бірнеше айдан кейін өз жануарларын қайтарып алуға іс жүзінде онша қызығушылық танытпайды; негізінен баспаналарда жануарларды ұстау үшін төленетін жоғары шығындарға байланысты, бұл жағдайда жануардың иелері өтеуі тиіс.

М.А. Шабалинаның пікірінше, «қараусыз қалған жануар» ұғымы жалпы болып табылады және ауылшаруашылығы жануарларын да қамтиды, ал «иесіз жануарлар» мен «бас тартатын жануарлар»- бұл қараусыз қалған жануарлардың түрлері ретінде танылады. Меншік иелерінің жануарларды ұстау жөніндегі өз міндеттерін орындамау арқылы жануарға қатегездік көрсетуге әкелетін жағдайлар орын алуынан туындап отырған мәселелерді атап өтті» [5, 205-б.].

Ирландияның Жануарларды қорғау туралы заңында көбінесе құқықбұзушылықтар түрлеріне, жауаптылық негіздеріне жеке-жеке тоқталған, мысалы, «адам жануардың құйрығын кесіп тастайтын болса, (2) егер адам (А) бұл адам ит үшін жауап берсе, (б) басқа адам иттің бүкіл құйрығын немесе оның кез-келген бөлігін алып тастаса және (в) бірінші аталған адам бұған жол берсе немесе мұндай қадамдар жасамаса (ол арқылы болсын) құқық бұзушылық жасайды. басқа адамды бақылау тәсілі немесе басқаша), мұның алдын алу үшін барлық жағдайда ақылға қонымды болды»[12]

Германия Жануарларды қорғау туралы негізгі заңмен қорғалатын жалғыз мемлекет, мұнда жануарға зиян келтіруге себептер бо-

[11] *Гражданский Кодекс. Парламент Чешской Республики принял данный закон Чешской Республики: https://anesro.com/downl/zakon/89-2012_Sb.pdf (жүгінген күні 10.08.2023 ж.)*

[12] *(Part-2. Protection og animals.) Welfare of Animals Act (Northern-Ireland) 2011. https://docviewer.yandex.kz/view/278442*

луы керек деген утилитарлық қағида бекітілген, адамдардың жануарлардың өмірі мен әл-ауқатын қорғауға жауапты екендігі нақты көрсетілген. Сонымен қатар, 20 а - бабында «мемлекет сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін жауапкершілік шеңберінде заңға сәйкес және Заңға және атқарушы биліктің заңнамасына және сот практикасына сәйкес конституциялық құрылыс шеңберінде тіршілік пен жануарлардың табиғи негіздерін қорғайды» делінген[13] Бұл мемлекетте Конституциялық нормалармен реттелінетіндігін көреміз.

О.И. Ченцова жануарлардың құқықтарын қорғау жөніндегі еңбектерінен көптеген сұрақтарға өз шешім бере отырып, жануарлар құқықтың субъектісі ме, әлде объектісі деген сұрақтарға теориялық, практикалық қортынды берді, «бірінші сұрақтың жауабы өте қарапайым-иә, позитивті құқық теориясы аясында, жануарлардың табиғи құқықтарының танылған ережелерін ескере отырып, жануарларды заң субъектілері ретінде ресми-заңды түрде тану қиын емес. Әрине, көптеген басқа субъектілер сияқты-тек белгілі бір көлемде ғана танылуы мүмкін, екіншісіне жалпы философиялық көзқарасқа сәйкес, сондай-ақ позитивті құқық теориялары субъект деп танылады, Жануарларды объектілер санатынан субъектілерге ауыстыру арқылы тиісті заңнамалық құрылымдарды құру мүмкіндігі арқылы олардың бірінші кезектегі мүдделерін қорғау мақсатына қол жеткізіледі. Сонымен қатар, мәнінде санасы бар, ауырсыну мен азапты сезінуге қабілетті жануарлардың кішкене бөлігі туралы ғана айтылады» [7, 12-б.].

Мысалы, Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 137-бап- Жануарларға мүлік туралы жалпы ережелер қолданылады, құқықтарды жүзеге асыру кезінде адамгершілік қағидаттарына қайшы келетін жануарларға қатыгездікпен қарауға жол берілмейді нормасы нақты белгіленген, Ал, 230, 231, 232-баптары қараусыз қалған жануарлардың тағдырын анықтайды, 235-бабы, 4-тармағы меншік құқығын тоқтату негіздерінің арасында үй жануарларын сатып алу деп аталады, ал Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 241-бабы мұндай сатып алу шарттарын ашады: «үй жануарларының иесі оларға заң негізінде белгіленген ережелерге және қоғамда қабылданған жануарларға адамгершілік қатынас нормаларына айқын қайшы келетін жағдайларда, бұл жануарларды сотқа тиісті талап қойған адам оларды сатып алу арқылы иесінен алып қоя алады. Сатып алу бағасы тараптардың келісімімен, ал дау туындаған жағдайда сот арқылы анықталады»[14]. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 1139-бабы өсиет қалдырушының бір немесе бірнеше мұрагерлерге өсиет қалдырушыға тиесілі үй жануарларын ұстау, сондай-ақ оларға қажетті қадағалау мен күтімді жүзеге асыру міндетін жүктеу құқығы реттеледі[15]. Сонымен қатар, кейбір елдерде жануарларға азаматтық-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары беріледі, мысалы, Ұлыбритания мен АҚШ заңдары қайтыс болған иесінің мүлкінің мұрагері жануар болуы мүмкін деп мойындайды.

Қазақстанда алғаш рет үй жануарларын есепке алу механизмі іске қосылды, міндетті тіркеуге және сәйкестендіруге жататын жануарлардың иелері егерде, мұндай жануар бақылаусыз болған жағдайда, оны ұстаған адам жануардың заңды иесін еш қиындықсыз анықтай алуға мүмкіндік туады, бір жағынан қараусыз жануарлар саны азаяды.

Үй жануарларын есепке алу қағидаларын және есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы бұйрығына сәйкес, «жануарларды есепке алу жөніндегі біріңғай деректер базасына ветеринариялық ұйымдарда жануарларын есепке алу бұйымдары (болюстер, чиптер т.б.) құралдарды арқылы ақылы негізде, жануарларды есепке алу жөніндегі біріңғай деректер базасына жануар иесінің электрондық қолтаңба арқылы өтеусіз негізде жүзеге асырады».

«Есепке алынуға тиіс үй жануарлары, меншік құқығымен тиісілі жануарларға арналған панажайлардағы, уақытша ұстау орталықтарындағы, зоологиялық питомниктердегі үй жануарлары міндетті, егерде иесі ауысқан жағдайда, өзгергені туралы қайта есепке алу міндетті болып табылады»[16].

746/?page=1&=zlSCQ%252Bf9LKRBNG2. (жүгінген күні 11.08.2023 ж.)*

[13] Animal Welfare Act (Germany) https://www.animallaw.info/statute/germany-cruelty-german-animal-welfare-act. (жүгінген күні 11.08.2023 ж.)

Далее, если обратиться к нормам ГПК РК и Методическим рекомендациям по проведению партисипативной процедуры адвокатами, партисипативная процедура несмотря на то, что отнесена к примирительным процедурам, понимается законодателем и адвокатами как «переговоры». Так, в ч. 2 ст. 181 ГПК РК партисипативная процедура законодателем определена как способ проведения адвокатами или юрисконсультами обеих сторон переговоров между сторонами по урегулированию спора[26]. В Методических рекомендациях партисипативная процедура адвокатами определена как переговорный процесс урегулирования спора между сторонами с обязательным участием их адвокатов[27]. При изучении Методических рекомендаций, складывается мнение, что партисипативная процедура рассматривается в виде юридической помощи, оказываемой сторонам для урегулирования спора. Сами адвокаты признаются в том, что статистика урегулирования споров с примирением сторон сложилась не в их пользу. Объясняется это тем, что, во-первых, если примирение состоялось до того, как дело поступило в производство в суда, то оно, как правило, не войдет в статданные, во-вторых, в статистику примирения, проведенных адвокатами, входят только партисипативные процедуры несмотря на то, что адвокаты участвуют и в других способах примирения, например, по делам, рассматриваемым в порядке упрощенного (письменного)

[25] *АППК РК от 29 июня 2020 года № 350-VI // URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350*

[26] *ГПК РК от 31 октября 2015 г. № 377-V ЗРК // URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377*

[27] *Методические рекомендации по проведению партисипативной процедуры адвокатами, одобренные Президиумом Республиканской коллегии адвокатов от 11 марта 2016 г. (протокол № 12) // URL: https://advokatura.kz/ru/intervu/metodiceskie-rekomendacii-po-provedeniu-partisipativnoj-procedury-advokatami?ysclid=lng49afpj967398089 (дата обращения: 30.05.2023)*

производства[28]. Однако нужно учесть, что в силу изменений и дополнений, внесенных в Главы 13 и 21-1 ГПК РК, дела об исполнении соглашений об урегулировании споров, заключенных с участием адвоката по договору поручения сторон или адвокатов и сторон в порядке партисипативной процедуры, не подлежат рассмотрению в порядке упрощенного (письменного) производства. Напротив, в понимании же медиаторов медиация есть примирительная процедура, что вытекает из самих названий «Правил проведения примирительных процедур (медиации)»[29] и «Регламента проведения примирительных процедур (медиации)»[30].

Заключение

Внесудебный и досудебный порядки урегулирования споров, в особенности придание последним условие обязательности, имеют больше преимуществ, нежели недостатков. Сегодня урегулирование споров вне суда и до суда в обобщенном виде представляются частноправовым институтом регулирования правоотношений без вмешательства органа публичной власти – суда; альтернативой судебному разбирательству; одной из форм защиты прав; наиболее эффективными мерами повышения правовой культуры граждан; целесообразными средствами стимулирования добросовестного поведения участников гражданско-правового оборота; самостоятельным способом выхода из конфликтной ситуации; одним из методов снижения нормативной разгрузки судов; уникальной возможностью устранить ошибки, допущенные в процессе осуществления управленческой и административной деятельности.

Принимая во внимание общие начала и смысл законодательства РК, а также сложившуюся судебную практику, следует к внесудебным порядкам урегулирования споров отнести арбитраж и нотариат, а к досудебным порядкам урегулирования споров – внешние административные, медиативные и партисипативные процедуры. При этом, последние как один из видов примирительных процедур, в том числе примирительные процедуры, правом на проведение которых ныне наделены нотариусы, не имеют востребованности и эффективности в силу социального и функционального назначения институтов адвокатуры, юридической консультации, нотариата, заключающиеся в оказании ими юридической помощи.

ЛИТЕРАТУРА

1. Наукенова Д. Какова судебная практика по реализации пилотного проекта по медиации? // Национальный портал электронного сервиса Mail.KZ – URL: https://mail.kz/ru/news/kz-news/kakova-sudebnaya-praktika-po-realizacii-pilotnogo-proekta-po-mediacii (дата обращения: 15.06.2023)/

2. Алина Галымова. Более 200 споров решились через медиацию // Информационный Портал г. Талдыкорган. – URL: https://www.tinfo.kz/news/obshchestvo/bolee-200-sporov-reshilis-cherez-mediatsiyu.html (дата обращения: 18.06.2023).

3. Тлембаева Ж.У. Внесудебное урегулирование правовых споров, возникающих из административных и иных публично-правовых отношений в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития // Информационная система «Юрист». – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37502772 (дата обращения: 20.06.2023).

4. Амангельды А.А. Досудебный и внесудебный порядок урегулирования споров в сфере интеллектуальной собственности в Республике Казахстан // Информационная система «Юрист». – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37580083 (дата обращения: 22.06.2023).

5. Сулейменов М.К. Внесудебное урегулирование споров в Казахстане: проблемы теории и практики // Вестник института законодательства Республики Казахстан, 2013. - №3 (31). – С. 35-41.

6. Федоров П.В. Понятие "внесудебный" и "досудебный" способ защиты прав // Право и государство: теория и практика, 2018. – 1 (157). – С. 141-144.

[28] *Примирительные процедуры с участием адвокатов // Пресс-служба Республиканской Коллегии адвокатов. – URL: https://www.agka.kz/ru/primiritelnye-protsedury-s-uchastiem-advokatovattachment/ (дата обращения: 29.06.2023).*

[29] *Правила проведения примирительных процедур (медиации) // URL: http://www.kazmediation.kz/methodical-center/8-rules-for-mediation-procedures-mediation.html (дата обращения: 01.06.2023)*

[30] *Регламент проведения примирительных процедур (медиации) // URL: http://www.kazmediation.kz/methodical-center/9-regulations-for-mediation-procedures-mediation.html (дата обращения: 01.06.2023)*

7. Глухова К.Д., Корогод А.В. Целесообразность введения обязательного досудебного порядка для гражданско-правовых споров в арбитражном процессе и основные проблемы его осуществления // Вопросы российской юстиции, 2022. Вып. № 22. – С. 555-563.

REFERENCES

1. Naukenova D. Kakova sudebnaja praktika po realizacii pilotnogo proekta po mediacii? // Nacional'nyj portal jelektronnogo servisa Mail.KZ – URL: https://mail.kz/ru/news/kz-news/kakova-sudebnaya-praktika-po-realizacii-pilotnogo-proekta-po-mediacii (data obrashhenija: 15.06.2023)/

2. Alina Galymova. Bolee 200 sporov reshilis' cherez mediaciju // Informacionnyj Portal g. Taldykorgan. – URL: https://www.tinfo.kz/news/obshchestvo/bolee-200-sporov-reshilis-cherez-mediatsiyu.html (data obrashhenija: 18.06.2023).

3. Tlembaeva Zh.U. Vnesudebnoe uregulirovanie pravovyh sporov, voznikajushhih iz administrativnyh i inyh publichno-pravovyh otnoshenij v Respublike Kazahstan: sostojanie i perspektivy razvitija // Informacionnaja sistema «Jurist». – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37502772 (data obrashhenija: 20.06.2023).

4. Amangel'dy A.A. Dosudebnyj i vnesudebnyj porjadok uregulirovanija sporov v sfere intellektual'noj sobstvennosti v Respublike Kazahstan // Informacionnaja sistema «Jurist». – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37580083 (data obrashhenija: 22.06.2023).

5. Sulejmenov M.K. Vnesudebnoe uregulirovanie sporov v Kazahstane: problemy teorii i praktiki // Vestnik instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan, 2013. - № 3 (31). – S. 35-41.

6. Fedorov P.V. Ponjatie "vnesudebnyj" i "dosudebnyj" sposob zashhity prav // Pravo i gosudarstvo: teorija i praktika, 2018. – 1 (157). – S. 141-144.

7. Gluhova K.D., Korogod A.V. Celesoobraznost' vvedenija objazatel'nogo dosudebnogo porjadka dlja grazhdansko-pravovyh sporov v arbitrazhnom processe i osnovnye problemy ego osushhestvlenija // Voprosy rossijskoj justicii, 2022. Vyp. № 22. – S. 555-563.

ӘОЖ 349.22

ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ҚАРАСТЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

Сауле Кенесбаевна Тасыбаева
Юриспруденция магистрі, Қонаев университетінің азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: cool.saule81@mail.ru

Айжан Амангелдікызы Амангелді[1]
Заң ғылымдарының докторы, Қонаев университетінің азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, М. Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясының Ғылыми - зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің аккредиттелген сарапшысы; Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Аннотация. *2015 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексінің қолданысқа енгізілуімен еңбек құқық қатынастарында жеке еңбек дауларын шешудің және оларды қарастырудың тәртібінде едәуір өзгерістер орын алды. Тараптар арасында кез-келген еңбек дауы екі тәсілмен, яғни сотқа дейінгі және сот тәртібімен қаралады. Қазақстан Республикасында жеке еңбек дауларын қарау тәртібін реттеу тиісті заңнамалық актілер мен бұйрықтар негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіпте шешудің жолы тәжірибеде көптеп қолданылуда. Дауларды сотқа дейін ымырыластықта шешуге деген ұмтылыс қазіргі таңда «әлемдік трендке» айналуда және бұл үрдіс сот органдарының кәсібилігінің көрсеткіші болып табылады.*

Жеке еңбек даулары - бұл жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы қандай да бір қайшылықтарға байланысты туындайтын кез-келген еңбек қызметінің құрамдас бөлігі. Жеке еңбек даулары жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары аясында туындайды мәселен, жалақы, еңбек жағдайлары, заңсыз жұмыстан шығару, қызметкердің құқықтарын бұзу және т.б. сияқты еңбек қызметінің аспектілерінде көрініс табады. Еңбек даулары тараптардың субъективтік құрамы бойынша, даудың сипаты мен ведомстволық бағыныстылығына байланысты жіктеледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқылы. Еңбек дауларын сотқа дейінгі реттеудің бірден-бір төте жолы – ұжымдағы келісу комиссиясымен шешу тәртібі болып табылады. Алайда, егер дау келісу комиссиясы шеңберінде шешілмеген болса, жұмыскер өзінің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгіне алады.

Түйін сөздер: *жеке еңбек даулары, келісу комиссиясы, жұмыскер, жұмыс беруші, еңбек қатынастары, талап қоюшы, жауапкер, еңбек шарты.*

ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Тасыбаева Сауле Кенесбаевна
Магистр юриспруденции, старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Университета Кунаева, Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail : cool.saule81@mail.ru

Амангельды Айжан Амангельдыкызы
Доктор юридических наук, профессор кафедры гражданско-правовых дисциплин Университета Кунаева, научный сотрудник Научно-исследовательского центра Алматинской академии МВД РК им. М. Есболатова, аккредитованный эксперт научной и научной-технической деятельности Министерства науки и высшего образования РК; Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

[1] *Хат-хабарларға арналған автор*

Аннотация. *С введением в действие нового Трудового кодекса Республики Казахстан, принятого в 2015 году, в трудовых правоотношениях произошли существенные изменения в порядке разрешения и рассмотрения индивидуальных трудовых споров. Любой трудовой спор между сторонами рассматривается двумя способами: досудебным и судебным. Регулирование порядка рассмотрения индивидуальных трудовых споров в Республике Казахстан осуществляется на основании соответствующих законодательных актов и приказов. В настоящее время все больше практикуется решение трудовых споров в досудебном порядке. Стремление разрешать споры в досудебном порядке в настоящее время становится «мировым трендом» и является показателем профессионализма судебных органов.*

Индивидуальные трудовые споры являются составной частью любой трудовой деятельности, возникающей в связи с какими-либо противоречиями между работником и работодателем. Индивидуальные трудовые споры возникают в рамках трудовых отношений между работником и работодателем например, отражаются в таких аспектах трудовой деятельности, как заработная плата, условия труда, незаконное увольнение, нарушение прав работника и др. Трудовые споры классифицируются по субъективному составу сторон, в зависимости от характера и ведомственной подчиненности спора.

Каждый гражданин Республики Казахстан имеет право защищать свои трудовые права и законные интересы. Единственным путем досудебного урегулирования трудовых споров является порядок разрешения в коллективе согласительной комиссией. Однако, если спор не разрешен в рамках согласительной комиссии, работник может обратиться в суд с иском о защите своих трудовых прав и интересов.

Ключевые слова: *индивидуальные трудовые споры, согласительная комиссия, работник, работодатель, трудовые отношения, истец, ответчик, трудовой договор.*

PROCEDURE FOR CONSIDERATION OF INDIVIDUAL LABOR DISPUTES

Tassybayeva Saule Kenesbayevna
Magistr of Jurisprudence, of Civil Law Disciplines of the Kunaev University, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: cool.saule81@mail.ru

Amangeldy Aizhan Amangeldykyzy
Doctor of Law, Professor of the Department of Civil Law Disciplines of the Kunaev University, Researcher at the Research Center of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, accredited expert of scientific and scientific-technical activities of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan; Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Abstract. *With the entry into force of the new Labor Code of the Republic of Kazakhstan, adopted in 2015, there have been significant changes in labor relations in the procedure for resolving and considering individual labor disputes. Any labor dispute between the parties is considered in two ways: pre-trial and judicial. Regulation of the procedure for consideration of individual labor disputes in the Republic of Kazakhstan is carried out on the basis of relevant legislative acts and orders. Currently, pretrial settlement of labor disputes is increasingly practiced. The desire to resolve disputes out of court is now becoming a «global trend» and is an indicator of the professionalism of the judiciary.*

Individual labor disputes are an integral part of any labor activity that arises in connection with any contradictions between the employee and the employer. Individual labor disputes arise within the framework of labor relations between an employee and an employer, for example, they are reflected in such aspects of labor activity as wages, working conditions, illegal dismissal, violation of employee rights, etc. Labor disputes are classified according to the subjective composition of the parties, depending on the nature and departmental subordination of the dispute.

Every citizen of the Republic of Kazakhstan has the right to protect their labor rights and legitimate interests. The only way to pre-trial settlement of labor disputes is the procedure for

resolving in a team by a conciliation commission. However, if the dispute is not resolved within the framework of the conciliation commission, the employee may apply to the court with a claim to protect his labor rights and interests.

Keywords: *individual labor disputes, conciliation commission, employee, employer, labor relations, plaintiff, defendant, employment contract.*

DOI: 10.52026/27885291_2024_76_1_130

Кіріспе

Жеке еңбек даулары - бұл жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы қандай да бір қайшылықтарға байланысты туындайтын кез-келген еңбек қызметінің құрамдас бөлігі. Жеке еңбек даулары жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары аясында туындайды мәселен, жалақы, еңбек жағдайлары, заңсыз жұмыстан шығару, қызметкердің құқықтарын бұзу және т.б. сияқты еңбек қызметінің аспектілерінде көрініс табады.

Жалпыға белгілі, кез-келген еңбек дауы екі тәсілмен, яғни сотқа дейінгі және сот тәртібімен қаралады. Қазақстан Республикасында жеке еңбек дауларын қарау тәртібін реттеу тиісті заңнамалық актілер мен бұйрықтар негізінде жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – ҚР ЕК) еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіппен қараудың құқықтық негіздері мен рәсімдерін белгілейді. ҚР ЕК 159-бабына сәйкес жеке еңбек дауы сотқа дейінгі тәртіпте келісу комиссиясымен шешіледі. Келісу комиссиясы жұмыс берушілер мен жұмысшылардың өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде құрылады және жұмысшылардың жұмыс берушінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы өтініштері бойынша дауларды қарастырады[2] .

Ғалым А.М. Куреннойдың пікірімен келіспеуге болмайды, оның пайымдауынша кез-келген даудың (жанжал) арты құқықтық дауға айнала алады және еңбек құқығымен реттелетін қатынастарға қатысушылар өздерінің қақтығыстарын бейбіт жолмен шешіп, өзара туындаған келіспеушіліктерді еңбек дауына айналуына жол бермейді [1, 14 б.]. Дәл осы орайда, ол жеке еңбек дауларын «осы үшін уәкілетті органдарға қарау үшін ауыстырылған еңбек жағдайларын белгілеу немесе өзгерту және оларды қолдану мәселелері бойынша еңбек құқықтық қатынастарындағы қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер (жанжалдар)» деп түсіндіреді [1, 16 б.].

Алайда, егер дау келісім комиссиясы шеңберінде шешілмеген болса, жұмыскер өзінің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгіне алады.

Елімізде ұжымдық және жеке еңбек даулары көбеюде. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік және құқық қорғау қызметі туралы заңнаманы қолданудың сот практикасын қорыту есебі жүргізіліп тұрады. Ондағы мақсат - аталған санаттағы істер бойынша сот практикасын зерделеу, соттардың құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалық мәселелерді анықтау, заңнаманы біркелкі қолдануды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №7/2023 Бюллетеніне сәйкес 2021-2022 жылдары және 2023 жылдың қаңтар-сәуірінде жергілікті соттар қараған азаматтық істерді зерделеу, облыстық соттардың талдамалық анықтамалары, сондай-ақ Жоғарғы Соттың кассациялық практикасы негізінде жүргізілді.

Келтірілген деректер 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда еңбек дауларына қатысты істердің саны өсіп отырғанын көрсетеді. Мәселен, 2022 жылы 987 талапарыз келіп түссе, 2021 жылы 919 талап арыз қаралды.

2021 жылы еңбек даулары бойынша 675 іс қаралып, оның ішінде 496 іс бойынша сот шешімі шығарылып, 138 арыз қанағаттандырылды, 359 арыз қанағаттандырылмаған. Қараусыз қалдырылған істердің саны – 119. Соттылығы бойынша 10 іс жіберілген.

Оның ішінде 328 іс апелляциялық сатыда қаралды, 31 (9,5%) шешімнің күші жойылды, 22 (6,7%) өзгертілді, 273 (83,2%) өзгеріссіз қалдырылды.

Кассацияда 31 іс қаралды, оның 17-сі (54,8%), 0-і өзгертілді, 4-і (13%) өзгеріссіз қалдырылды;

[2] *Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929*

2022 жылы аяқталған істер саны 750 (76%) құрайды, оның ішінде 575 іс бойынша шешім шығарылған, оның ішінде 159 арыз қанағаттандырылып, (21,2%), 404 (53,8%) іс қанағаттандырудан бас тартумен аяқталды, 103 (13,7%) арыз қараусыз қалдырылған, соттылығы бойынша - 14 іс жолданған (1,9%).

Оның ішінде 389 іс апелляцияда қаралып, 40 (10,3%) шешімнің күші жойылды, 56 (14,4%) өзгертілді, 281 (72,2%) өзгеріссіз қалдырылды[3].

Әдістер мен материалдар

Мақала диалектикалық, формальды-логикалық, жүйелік, салыстырмалы-құқықтық, технико-заңи сияқты ғылыми танымның жалпы және жеке зерттеу әдістерін пайдалана отырып дайындалған.

Талқылаулар мен нәтижелер

ҚР ЕК 159-бабының нормалары 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында екі рет өзгертулер мен толықтыруларға ұшырады, атап айтқанда: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 3 қаңтардағы №188-VII Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 15 ақпандағы №199-VII Қазақстан Республикасының Заңы мен[4] ҚР ЕК аталған бабына тиісінше түзетулер енгізді. Аталған өзгерістерді талдасақ.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 3 қаңтардағы № 188-VII Қазақстан Республикасының Заңы ҚР ЕК 159-бабын мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырды:

«4-1. Жұмыскер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған, ұйымның жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына ақпарат беру арқылы осы ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) жұмыскер тарапы болатын жеке еңбек дауы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның өкілі міндетті түрде шақырыла отырып және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім болған кезде құпиялылық қамтамасыз етіле отырып қаралады[5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның өкілін шақыру осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ұйымның хабарламаны және еңбек дауына байланысты тиісті материалдарды еңбек дауы қаралғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оның қаралатын орны мен уақытын көрсете отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберуі арқылы жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның өкілі еңбек дауын қарауға келмеген жағдайда келісу комиссиясының отырысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта айқындалған тәртіппен оның қатысуынсыз өткізіледі.

Осы тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінің талаптары уәкілетті мемлекеттік органдар жұмыскердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарын қабылдаған күннен бастап немесе ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсеткен кезден бастап үш жыл бойы қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткен жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жеке еңбек дауын қарау қажеттілігі туралы жұмыскердің арызы бой-

[3] *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №7/2023 Бюллетені. 42 б.*

[4] *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 15 ақпандағы № 199-VII Заңы // https: // online.zakon.kz /Document/?doc_id=38720558.*

[5] *Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929*

ынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның басшының атына хабарлама келіп түскен жағдайда жұмыс беруші «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы бапта айқындалған тәртіппен осы дауды қарау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 3 қаңтардағы Заңымен ҚР ЕК 159-бабына ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) жұмыскер тарапыны болатын жеке еңбек дауы туындаған жағдайда келісу комиссиясының отырысын өткізу регламентіне өзгерістер енгізілді.

ҚР ЕК 159-бабының 3-тармағында Келісу комиссиясының отырысын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып өткізу мүмкіндігі көзделген. Мұндай жағдайда келісу комиссиясы мүшелерінің және өзге де тұлғалардың қатысуы электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе авторизациялану, сәйкестендірілу қамтамасыз етіле отырып және жұмыс берушінің отырыс жазбасын сақтауымен өзге де электрондық тәсілмен расталады.

Жоғарыда көрсетілген ҚР 2023 жылғы 15 ақпандағы № 199-VII Заңымен ҚР ЕК 159-бабының 4-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылды:

«Өтініш берушінің келісу комиссиясының шешімі шығарылғанға дейін комиссия хатшысын өтінішті кері қайтарып алу туралы жазбаша хабардар ете отырып, бұрын берілген өтінішін кері қайтарып алуға құқығы бар.

Бұрын еңбек қатынастарында болған адам келісу комиссиясында өзінің мүдделерін білдіру құқығын кәсіподақ органдарына, жұмыскерлердің сайланбалы өкілдеріне жазбаша өтінішпен беруге құқылы.

Сондай-ақ, ҚР 2023 жылғы 15 ақпандағы №199-VII Заңымен ҚР ЕК 159-бабының 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылды:

«Келісу комиссиясын екі жылда кемінде бір рет мерзімділікпен ротациялық негізде жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскерлер өкілдерінің қатарынан комиссия мүшелері сайлайтын төраға басқарады.

Егер жеке еңбек дауын қарау кезінде отырысқа жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскерлер өкілдерінің тарапынан келісу комиссиясы мүшелерінің тең саны қатысса, келісу комиссиясының отырысы мен шешімі заңды болып табылады. Дауыс беру кезінде келісу комиссиясының әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

Шешім уәжді болуға, жазбаша нысанда жазылуға және оған келісу комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қоюға тиіс.

Келісу комиссиясының мүшелері жалақысы сақтала отырып, жеке еңбек дауын қарау кезінде Еңбек міндеттерін орындаудан босатылады.».

Осылайша, келісу комиссиясы мүшелерінің, атап айтқанда осы комиссия төрағасының жұмыс тәртібі өзгертілді.

Бірнеше сот актілерінің мысалында жеке еңбек дауларының сот тәжірибесін қарастырамыз. А. есімді азаматша «G» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (бұдан әрі - ЖШС) еңбек қатынастарына түсіп, онда 2020 жылдың 1 сәуіріне дейін қойма меңгерушісі қызметін атқарды. Қойма меңгерушісі А. талап қоюшы ретінде жауапкер «G» ЖШС-нен өзінің пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін жалақы мен өтемақы төлемін өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінді.

Талап қоюшы аталған серіктестікте өзінің 120 000 теңге жалақысы бар қойма меңгерушісі лауазымында жұмыс істегендігімен дәлелдеді. Сондай-ақ, талап арызда жұмыс берушінің 2020 жылғы наурыздағы жұмыстың соңғы айы үшін 120 000 теңге сомасында және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін 120 000 теңге мөлшерінде өтемақы төлемегенін, барлығы 240 000 теңге өндіріп алуды сұрайды.

Ал, жазбаша пікірде Жауапкер талап арызды толық көлемде мойындамайды, себебі, талап қоюшы А.-мен «G» ЖШС арасында еңбек қатынастары туындамаған. Талап қоюшыға жұмыс беруші тараптан ешқандай (еңбек кітапшасы, еңбек шарты, жұмыс берушінің актілері және т.б.) құжаттар ұсынылмаған. Жауапкер сондай-ақ, жазбаша пікірде 2018 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде серіктестік басшысының жеке өтініші бойынша талапкер А. оған өз кәсіпорнының қызметінде көмек көрсеткені, яғни азаматтық-құқықтық қатынастардың туындағандығын алға тартады.

Серіктестіктің ішкі еңбек тәртібінің ережелері Талап қоюшыға қолданылмаған. Талап қоюшының қызмет көрсетуінің мәні тауарды тиеу мен түсіруді бақылау, тауарды есепке алуды ұйымдастыру, тауарды түгендеу және т.б. болған. Талап қоюшы Кәсіпо-

рынның штатында ешқашан болмаған және жұмысқа орналасу туралы өтінішпен ешқашан жүгінбеген. Талап қоюшыны жұмысқа қабылдау, еңбек демалысын беру, жұмыстан босату туралы бұйрықтар ешқашан шығарылмаған. Жауапкер жоғарыда аталған жағдайларға байланысты талап қоюшының арызындағы қойған талаптарының заңдық негіздері жоқ деп санайды. Талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды.

Талап қоюшы А. талап арызда көрсетілген дәлелдеріне сүйене отырып талаптарын қолдайтынын және толық көлемде қанағаттандыруды сұрады. Сондай-ақ, ол жұмысқа орналасу үшін өтініш жазғандығын, алайда оған жұмыс беруші тарапынан еңбек шарты мен бұйрық жасалмағандығын және құжаттармен таныстырмағанын алға тартады. Жалақысын барлық қызметкерлермен бірге журналға қол қойып алып жүрген. Жұмыс барысында анықталған кемшіліктерге байланысты басшымен ымыраға келе алмай, жанжалдасуының нәтижесінде жұмыстан шығарылған. Жұмыс беруші жұмыскердің соңғы жұмыс істеген наурыз айындағы жалақысын төлеуге ниетті болған, алайда, есеп журналының болмауына байланысты жұмыскер қолма-қол ақша алудан бас тартқан. Ал, жұмыскер жұмыс берушімен демалыссыз үздіксіз жұмыс істегенін, өзінің пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін лайықты жалақы мен өтемақы алғысы келеді.

Жауапкердің заңды өкілі талап арызды мойындамайды, кері қайтарып алу туралы дәлелдерге сүйене отырып, соттан талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды.

Сот №1 талап бойынша аталған іс бойынша шешімнің дәлелді бөлігінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 24 бабын негізге алады, оған сәйкес еңбек шарты бойынша жұмыскер жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесі қағидаларын сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақытылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді.

ҚР ЕК 120-бабының 3-тармағына сәйкес еңбек шартында жұмыскер мен жұмыс берушінің материалдық жауапкершілігі нақтылануы мүмкін.

«G» ЖШС құжаттарында талап қоюшы А. жұмыскер ретінде тұрмаған. Сонымен қатар, аталған факт талап қоюшы А. - ның аталған серіктестікте өзінің еңбек қызметін өзге де сенімді дәлелдермен дәлелдеу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Сот бұл дәлелдемелерді нақты дәлелді және туындаған дауды шешу үшін жеткілікті деп санайды.

Сондықтан, Жауапкердің заңды өкілі талап қоюшы А. - ның «G» ЖШС серіктестігінде қойма қызметкері ретінде жұмыс істеу фактісіне дау келтірмеді.

Аталған мән-жайлар сондай-ақ «G» ЖШС келісу комиссиясының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімінен туындайды, оған сәйкес талап қоюшы А. қойма жұмысына көмек көрсетіп, ол үшін тиісті материалдық сыйақы алған.

Жауапкер өкілінің түсіндірмесінде көрсетілгендей, талап қоюшы А.-ның міндеттеріне тауарларды тиеу мен түсіруді бақылау, тауарларды есепке алу, тауарларды түгендеу және т.б. кірген, бұл ретте тараптар арасында азаматтық-құқықтық қатынастар болғанын, яғни ішкі еңбек тәртібінің ережелері талап қоюшыға қолданылмаған. Сондай-ақ, сот ұсынылған дәлелдерді сыни тұрғыдан қарастырып және жұмыс беруші жұмыскерге төленуі тиіс ақыны төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындаудан жалтару тәсілі ретінде қарастырады, себебі жауапкер тарапынан да азаматтық-құқықтық қатынастарды растайтын құжаттар сотқа ұсынылмаған.

Сонымен қатар, қоймада жұмыс өтеулі қызметтерді немесе мердігерлік қызметтерді көрсетілуге жатпайды, себебі, ол кәсіпорынның тауарлық-материалдық құндылықтарымен тікелей жұмыс істейтін жұмыскердің материалдық жауапкершілігін қарастырады. Бұдан бөлек, талап қоюшы А.-ның «G» ЖШС-де жұмыс істеу фактілері серіктестік басшысының талап қоюшыға қойма жөніндегі, тауардың жетіспеушілігі, жұмысқа шығу мәселелері жөніндегі дауыстық хабарламаларымен, сондай-ақ оны жұмыстан шығару жөніндегі айтылған дыбыстық хабарламалармен расталады.

Осылайша, сот талап қоюшы А.-ның «G» ЖШС-інде қойма қызметкері ретінде жұмыс істегендігін ескере отырып, жалақы бойынша берешек ақша сомасын өндіріп алуға құқылы деген нақты қорытындыға келеді.

Сот жауапкердің заңды өкілі тарапынан «G» ЖШС-нің 2018 жылдың 20 қыркүйегінде ғана заңды тұлға ретінде тіркелгені туралы, сонымен қатар, талап қоюшы А.-ның 2018 жылдың наурыз айынан жұ-

мысқа орналаспағандығы жөнінде ұсынған дәлелдерін есепке алмады, себебі, талап қоюшы арызда 2019-2020 ж.ж. белгіленген жұмыс кезеңіндегі төлемдерді өндіріп алу талаптарын қойып отыр. Жауапкердің заңды өкілі штатта «қойма меңгерушісі» лауазымының жоқ екендігін, орнына «қойма бойынша жетекші» лауазымы қарастырылғандығын ескерткенімен, сот жауапкер өкілінің бұл ескертпесі дауды шешуде маңыздылыққа ие емес деп есептейді.

«Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ақмола облысы бойынша Ұлттық статистика бюросының департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауабына сәйкес Ақмола облысы бойынша қойма меңгерушісі мамандығы бойынша бір жұмыскердің орташа жалақысы 2020 жылы 141 045 (бір жүз қырық бес мың) теңгені құрайды.

Талап қоюшының өндіру талабының мөлшері көрсетілген жұмыс үшін белгіленген орташа жалақыдан 120 000 теңгеден төмен болғандықтан, сот талап арызда көрсетілген жалақымен келісе отырып, 2020 жылғы наурыз айының жалақысын толық көлемде өндіруді қажет деп санайды.

Осылайша, талап қоюшы А.-ның жалақыны өндіріп алу туралы талаптары толық қанағаттандырылуға жатады. № 2 талап бойынша: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 1 бабының 13-тармағына сәйкес демалыс – жұмыс орны (лауазымы) мен осы Кодексте белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып, жұмыскердің жыл сайынғы демалуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін жұмыскерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату.

ҚР ЕК 22 бабының 1 тармағы 7) тармақшасына сәйкес жұмыскердің тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына құқығы бар.

ҚР ЕК 23 бабы 2 тармағының 5), 16) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беруге; жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті. ҚР ЕК 33 бабының 4 тармағына сәйкес жұмыс берушінің кінәсінен еңбек шартын жарамсыз деп тану бұрынғы қызметкердің еңбекақы төлеу құқығынан айырылуына, 5 жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төленуіне, өзге де төлемдер мен жеңілдіктерге әкеп соқпайды.

Сондай-ақ, ҚР ЕК 70-бабы 2-тармағына сәйкес толық емес жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс істеу жұмыскер үшін осы Кодексте, еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде белгіленген жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығын, еңбек өтілін есептеуде және еңбек саласындағы басқа да құқықтарын шектеуге әкеп соқтырмайды.

ҚР ЕК 87 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес жұмыскерлерге демалыстардың мынадай түрлері беріледі: жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстары және әлеуметтік демалыстар.

Жоғарыда көрсетілген нормалардан еңбек шартының жасалмауы, сондай-ақ толық емес жұмыс уақыты жағдайында жұмыс істеу бұрынғы қызметкер үшін ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемін жоғалтуға немесе еңбекақы төлеуге шектеу қоюға әкеп соқпайды.

Талап қоюшының «G» ЖШС-де сот жұмысының фактісінің дұрыс анықталуы себепті, талап қоюшының жалақыны өндіріп алу бөлігіндегі талаптары қанағаттандырылды, сот талап қоюшы А.-ның пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін 120 000 теңге сомасында өтемақы төлемін өндіріп алу туралы талаптарын да қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 243 бабының 2) тармақшасына сәйкес қызметкерге жалақыны, бірақ үш айдан аспайтын жалақыны алып беру туралы шешімдер дереу орындалуға жатады[6]. Осылайша, сот тың 120 000 теңге сомасындағы жалақыны өндіріп алу бөлігіндегі шешімі дереу орындалуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117 бабының 1 тармағына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады. Осы негізде жауапкерден жергілікті бюджеттің

[6] *«Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі (2023.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32683909.*

пайдасына 2 400 теңге сомасында төленбеген мемлекеттік баж өндіріліп алынады[7].

Осылайша, сот талап қоюшы А.-ның «G» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жалақыны, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлемін өндіріп алу туралы талабын толық қанағаттандырды. Естеріңізге сала кетейік, жалақыны өндіріп алу бөлігіндегі шешім ҚР Заңнамасы бойынша дереу орындалуға жатады.

Сот практикасында талап қоюшының талаптары негізсіз болып табылатын жағдайлар мысалдар көптеп кездеседі.

«С» есімді азаматша «Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен (бұдан әрі – Серіктестік) жалақы бойынша берешекті өндіріп алу туралы, жалақы төлеуді кешіктіргені үшін өсімпұлды өндіріп алу туралы, 500 000 теңге моральдық зиянның өтемақысын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінді.

2018 жылғы 23 шілдедегі еңбек шарты негізінде С. серіктестікке қойма меңгерушісі лауазымына жұмысқа қабылданған. Еңбек шартының талаптарына сәйкес жеті сағаттық жұмыс күнімен алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Жалақы 190 000 теңге, оның ішінде 142 500 теңгесі тұрақты бөлігі, 47 500 теңгесі жалақының ауыспалы бөлігін құрайды. Тараптар арасында еңбек шарты азаматша С.-ның бастамасының негізінде 2019 жылғы 15 ақпандағы №003 бұйрықпен бұзылды.

С.-ның шағымы бойынша «А. облысының еңбек инспекциясы басқармасы» (бұдан әрі - Инспекция) мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі «Т» ЖШС-ін жоспардан тыс тексеру актісіне сәйкес заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталмады. С. сотқа жүгініп, жұмыс берушінің жалақыны толық төлемегендігін, еңбек шартын жасалған сәттен бастап және оны бұзғанға дейін қосымша жұмыс істегенін алға тартады.

Нормадан асатын жұмыс фактісі жұмыс уақытын есепке алу табельдерімен расталады. Серіктестіктің берешек қарызы 1 317 460 теңгені құрайды. Талап қоюшы жұмыс берушінің төленуі тиіс 61 235 теңге жалақыны төлеуді кешіктіргені үшін ақшалай өтемақы төлеуге міндетті деп санайды.

Жұмыс берушінің заңсыз әрекеттерінің салдарынан жұмыскердің денсаулығының нашарлауына әкеп соқтыратын моральдық зиян келтірілген. Талап қоюшы соттан жалақы және өсімпұл бойынша берешекті өндіріп алуды, сондай-ақ, 500 000 теңге моральдық зиянның орнын толтыруды сұрайды.

Серіктестік талап арызға жазбаша пікірінде талап қоюшыға жұмыс уақытының есеп карточкаларына сәйкес жалақы толық төленгенін алға тартып, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды. Талап қоюшыға қарыз емес екендігі Инспекцияның тексеру актісімен расталады.

Сот отырысында талап қоюшы талаптарын қолдай отырып, соттан талап арызды толық көлемде қанағаттандыруды сұрады. Жауапкердің өкілі пікірде берілген дәлелдерді қолдай отырып, соттан талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Шешімнің дәлелді бөлігінде сот Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 107-бабының талаптарына сәйкес қызметкердің жалақысы жұмыс берушінің қолданыстағы еңбекке ақы төлеу жүйелеріне сәйкес еңбек шартында белгіленетінін көрсетті.

Еңбекке ақы төлеу жүйесі еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарымен және (немесе) жұмыс берушінің актілерімен айқындалады.

2018 жылғы 23 шілдеден бастап 2019 жылғы 15 ақпанға дейінгі жұмыс уақытын есепке алу табельдеріне сәйкес азаматша С.-ның қосымша жұмыс уақытында, демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылмағаны анықталды.

Серіктестік талап қоюшыға еңбек шартында белгіленген ай сайынғы жалақысын толық көлемде төлегені туралы Инспекция маманы М.-ның қорытындысымен және Кодекс талаптарының сақталуына жоспардан тыс тексеру материалдарымен расталды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 72-бабының талаптарына сәйкес дәлелдеу ауыртпалығы тараптарға жүктеледі. Демек, талап қоюшының үстеме жұмыс уақыты үшін жалақы бойынша берешекті өндіріп алу туралы талаптары негізсіз, себебі, талап қоюшыны қосымша жұмыс уақытында, демалыс және мереке күндері жұмысқа тарту бойынша құжаттардың көшірмелері факті ретінде сотқа ұсынылмаған. Осыған байланысты талап қоюшының талаптары қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

ҚР ЕК 113-бабының талаптарына сәйкес жұмыс беруші жалақыны толық көлемде және еңбек шартында белгіленген мерзімде төлемеген кезде жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Жұмыс беруші жұмыскерге

[7] *Дело № х// Информационная система BESTPROFI opensud.kz*

төлемді кешіктіру кезеңінде берешек пен өсімпұл төлейді. Сот талап қоюшының талаптарын негізсіз және қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп санайды, себебі, Серіктестік еңбек шартында белгіленген жалақыны талап қоюшыға толық көлемде және заңда белгіленген уақытта төленген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 951 бабына сәйкес моральдық зиян – жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.). Нәтижесінде талап қоюшыға мүліктік емес игіліктерден айырылған, моральдық және физикалық азаптар келтірілген жауапкердің іс-әрекеттерінің заңсыздығы сотта дәлелденбеді, демек, моральдық залалдың орнын толтыруға негіз жоқ, осы негізде, 500 000 теңге мөлшерінде моральдық зиянның орнын толтыруды өндіріп алу туралы талап қанағаттандырудан бас тартуға жатады.

Осылайша, талап қоюшы С.-ның талабы қанағаттандырудан толық бас тартуға жатады. ҚР АПК-нің талаптарына байланысты сот шығындары бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде ҚР АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот талап қоюшы С.-ның «Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жалақы бойынша берешекті, төлемдерді кешіктіргені үшін өсімпұлды, 500 000 теңгеден моральдық зиянның өтемақысын өндіріп алу туралы талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдады[8].

Е.А. Голованова еңбек дауларын мазмұны бойынша белгіленген еңбек жағдайларын қолдануға, сондай-ақ Заңмен реттелмеген жаңа немесе белгіленген еңбек жағдайларын өзгертуге байланысты туындайтын дауларға бөліп жіктейді.

Объектісі бойынша ол еңбек дауларын: мүліктік (жалақыны өндіріп алу, үстеме жұмыс үшін ақы төлеу, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс үшін даулар және т.б.); мүліктік емес (жұмыстан босату себебін өзгерту туралы даулар және басқалар) деп бөлді. Сондай-ақ, автордың пікірінше, даулар кейбір жағдайларда мүліктік және мүліктік емес талаптарды қамтуы мүмкін [2, 348 б.].

Ал, В.Н. Толукнованың пайымы өте орынды, ол барлық еңбек дауларын үш негіз бойынша жіктейді :

1) дауласушы субъекті бойынша;

2) даудың сипаты бойынша;

3) даулы құқықтық қатынастардың түрі бойынша.

Дауласушы субъекті бойынша автордың пікірінше, барлық еңбек даулары жеке және ұжымдық болып бөлінеді. Сонымен, жеке еңбек дауларында белгілі бір жұмыскердің субъективті құқықтары, оның заңды мүдделері дауласады және қорғалады. Ұжымдық дауларда бүкіл еңбек ұжымының (немесе оның бір бөлігінің) құқықтары, өкілеттіктері мен мүдделері даулы және қорғалады.

Даудың сипаты бойынша барлық еңбек даулары екі түрге бөлінеді:

1) ол белгілеген еңбек заңнамасының нормаларын, ұжымдық немесе еңбек шарттарын, құқықтар мен міндеттер келісімдерін қолдану туралы даулар. Мұндай даулар еңбек қатынастарынан да, олармен тікелей байланысты құқықтық қатынастардан да туындауы мүмкін.

2) заңнамамен реттелмеген еңбек пен тұрмыстың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларын белгілеу немесе қолданыстағыларын өзгерту туралы даулар. Бұл даулар - жұмыскерге жергілікті тәртіпте жаңа еңбек жағдайларын белгілеу туралы және барлық әлеуметтік-серіктестік құқықтық қатынастардан туындауы мүмкін.

Құқықтық қатынастар бойынша туындайтын еңбек дауларын В.Н. Толкунова келесідей жіктейді :

1) еңбек құқық қатынастарынан туындайтын даулар;

2) жұмысқа орналастыру бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;

3) еңбек заңнамасының және ебекті қорғау қағидаларының сақталуын қадағалау және бақылау жөніндегі құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;

4) өндірісте кадрлар даярлау және біліктілікті арттыру жөніндегі құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;

5) жұмыскердің кәсіпорынға келтірген материалдық залалын өтеу жөніндегі құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;

[8] *Дело № xx // Информационная система BESTPROFI opensud.kz*

6) кәсіпорынның жұмыскерге жұмыстағы денсаулығына зиян келтіруіне байланысты келтірілген залалды өтеу жөніндегі құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;

7) еңбек, тұрмыс, мәдениет мәселелері бойынша кәсіподақ комитетінің әкімшілікпен құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар;

8) еңбек ұжымының әкімшілікпен құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар;

9) бес жоғары деңгейдегі әлеуметтік-әріптестік құқықтық қатынастардан туындайтын даулар [3, 7-9 б.].

А.М. Куренной еңбек дауларының бірнеше негіздері бойынша егжей-тегжейлі жіктеп қарастырады. Ол еңбек дауларын талап қоюға жататын және талап қоюға жатпайтын деп бөлуді маңызды санайды. Талап қоюға жататын дауларды ол бұрын заңдарда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде және жеке шарттарда белгіленген еңбек жағдайларын, яғни бұзылған құқыққа қатысты даулар деп түсінеді.

Талап қоюға жатпайтын еңбек даулары еңбек жағдайларын белгілеуге немесе өзгертуге байланысты туындайды. Сондай - ақ, А.М. Куренной еңбек дауларын тиісті құзыретті органдарда-жұмыс берушіде немесе жұмыскерде дауды қараудың бастамашысы кім екеніне қарай жіктейді.

Сондай-ақ, ғалым еңбек дауларын еңбек құқығының субинституттары бойынша жіктеуді анықтайды:

1. Ұжымдық шарттар мен келісімдер туралы заңнаманы қолдану және еңбек туралы шарттардың талаптары бойынша даулар.

2. Жұмыспен қамту туралы заңнаманы қолдану туралы келіспеушіліктерге

негізделген даулар.

3. «Еңбек шарты» институтына кіретін нормаларды қолдануға байланысты туындайтын даулар. Бұл жағдайда еңбек шартына байланысты А.М. Куренной бұл дауларды келесідей кіші түрлерге бөледі:

• жұмысқа қабылдау және еңбек шартын жасасу туралы даулар;

• еңбек кітапшасына жазбалар енгізу туралы даулар;

• жұмыстан шеттету туралы даулар;

• басқа жұмысқа ауысу, орын ауыстыру немесе маңызды еңбек жағдайларын өзгерту туралы даулар;

• жұмыста қалпына келтіру туралы даулар;

• мәжбүрлі сабаққа келмеу уақытын төлеу туралы даулар;

• жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу туралы даулар;

• еңбек кітапшасын беру және оны кешіктіру уақытын төлеу туралы даулар;

• жұмыста қалпына келтіру туралы сот шешімінің орындалуын кешіктіру уақытын төлеу туралы даулар;

• еңбек кітапшасын беру және оны кешіктіру уақытын төлеу туралы даулар;

• жұмыста қалпына келтіру туралы сот шешімінің орындалуын кешіктіру уақытын төлеу туралы даулар.

4. Жұмыс уақыты туралы заңнаманы қолдану туралы даулар.

5. Демалыс уақыты туралы заңнаманы қолдануға байланысты даулар.

6. Жалақы институтына кіретін нормаларды, оның ішінде еңбек нормалары мен бағаларды қолдану туралы даулар.

7. Кепілдіктер мен өтемақылар туралы заңнаманы қолдану бойынша даулар.

8. Еңбек қатынастары тараптарының материалдық жауапкершілігі туралы заңнаманы қолданудан туындайтын даулар.

9. Тәртіптік жауапкершілікті қолдану мәселелері бойынша туындайтын даулар.

10. Еңбекті қорғау саласындағы даулар.

11. Әйелдердің еңбек заңнамасын қолдануға байланысты туындайтын даулар.

12. Жастардың еңбек заңнамасын қолдануға байланысты туындайтын даулар.

13. Жұмысты оқытумен ұштастыратын қызметкерлерге жеңілдіктер беру мәселелері бойынша туындайтын даулар.

14. Жұмысты оқытумен ұштастыратын қызметкерлерге жеңілдіктер беру мәселелері бойынша туындайтын даулар [1, 23-25 б.].

Осы ретте атап өтетін жәйт, сотқа бірдей талап-арыздар берілген жағдайда (мысалы, жалақының кешігуі туралы) мұндай даулар ұжымдық болып табылмайды. Ұжымдық еңбек даулары тек жалдамалы жұмысшылар мен олар жұмыс істейтін жұмыс беруші арасында туындауы мүмкін, ал жеке даулар белгілі бір құқықтық қатынастың мазмұнына ғана емес, сонымен қатар еңбек шартын жасасқанға дейін немесе оның қолданылу кезеңінде (немесе тіпті осындай құқықтық қатынастың әрекеті аяқталғаннан кейін) туындаған мәселелерге де қатысты болуы мүмкін.

Профессор Е. Нұрғалиева Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде «ұжымдық еңбек дауы» ұғымының анықтамасы жоқ екеніне баса назар аударады. ҚР ЕК 32-тарауы дауларды қарау рәсіміне арналған. Бұл

олқылықтар еңбек дауының туындау негіздері қамтылған, ҚР ЕК 289-бабының 1-тармағы ішінара толықтырылған [4].

И.А. Костян еңбек дауларын институттар және педагогикалық институттар сияқты негіздер бойынша бөлу дауды шешудің процедуралық тәртібін анықтауда үлкен маңызға ие екенін атап көрсетеді. Алайда, А. М. Куренныйдың жіктеуі бойынша еңбек даулары қазіргі заманның талаптарына сай келе бермейді, себебі бүгінгі күні жеке еңбек дауларына әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақыларды өндіріп алу туралы талап-арыздар жатады, олар жіктеуде көрініс таппаған, алайда автордың пікірінше, солай [5, 60-61 б.].

Қазіргі кезеңде, И.А. Костянның пікірінше, жеке еңбек дауларының жіктелуі анағұрлым өзекті болып табылады, келіспеушілік туындайтын даулы құқықтық қатынастарды бөліп қарастырады:

1) еңбек құқық қатынастарынан туындайтын даулар;
2) жұмысқа орналасу бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;
3) өндірісте кадрлар даярлау және біліктілікті арттыру жөніндегі құқықтық қатынастардан туындайтын даулар;
4) материалдық залалды өтеу жөніндегі даулар;
5) жұмыс берушілердің жұмыскерге келтірілген зиянды өтеуі жөніндегі даулар;
[16] *Umowa między Rządem RP a Rządem Rep. Kazachstanu o zniesieniu obowiązku wizowego dla posiadaczy paszportów dyplomatycznych. — [Электронный ресурс]. — https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=15927 (дата обращения 1 декабря 2023 г.). Umowa między Rządem RP a Rządem Rep. Kazachstanu o współpracy w dziedzinie turystyki. — [Электронныйресурс]. — https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=14305 (дата обращения 1 декабря 2023 г.). Umowa między Rządem RP a Rządem Republiki Kazachstanu o współpracy w przemyśle obronnym. — [Электронный ресурс]. — https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=13361 (дата обращения 1 декабря 2023 г.).*

[17] *Umowa między Rządem RP a Rządem Rep. Kazachstanu o wzajemnej ochronie informacji niejawnych. — [Электронный ресурс]. — https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=18905 (дата обращения 1 декабря 2023 г.).*

г. – о сотрудничестве в сфере обороны[18], в 2014 г. – о сотрудничестве в сфере образования[19], в 2016 г. – соглашения о сотрудничестве в сфере сельского хозяйства и реадмиссии лиц[20]. Перечисленные соглашения, за исключением последнего в новейшей истории двустороннего акта, т.е. заключенного в 2017 г. между Министерством развития и финансов РП и Министерством национальной экономики РК соглашения в области экономики[21], имеют межправительственный характер.

Итак, следует указать на некоторые особенности соглашений между РП и РК. Соглашение об экономическом сотрудничестве от 2005 г. устанавливает, что стороны будут поддерживать развитие сотрудничества во всех областях и отраслях экономики, в том числе посредством проектирования, строительства, реконструкции или технологической модернизации объектов, реализации финансовых механизмов и страхования, а также предоставление гарантий экономическим проектам, сотрудничество в реализации проектов в нефтяной, горнодобывающей и электроэнергетической отраслях. Помимо этого, в соглашении указано о развитии консалтинговых, юридических, банковских и технических услуг и развитии сотрудничества в сфере туризма. Для реализации этой цели стороны создали Польско-казахстанскую межправительственную комиссию по экономическому сотрудничеству, которая должна проводить заседания не реже одного раза в год. Данное соглашение заключено на неопределенный срок. РП заключила аналогичное соглашение с РУ в 2007 г. Содержание этих соглашений схоже, хотя в соглашении с РУ сделан акцент на сотрудничестве в легкой и химической промышленности, автомобилестроении, электроэнергетике, нефтегазовом секторе, перерабатывающей и пищевой промышленности. В целях реализации соглашения также была создана Польско-узбекская межправительственная комиссия по экономическому сотрудничеству, а соглашение заключено также на неопределенный срок.

Соглашение 2014 г. между РП и РК о сотрудничестве в сфере образования охватывает широкий спектр вопросов, среди них вопросы проведения ежегодных студенческих обменов, поддержки сотрудничества между учебными заведениями всех уровней, реализации совместных научных проектов, в том числе конференций, симпозиумов и конкурсов. Соглашение также предусматривает совместные исследования в области культуры и языка. Соглашение заключено сроком на 3 года с автоматическим продлением на последующие трехлетние периоды. Это соглашение, по сути, выходит за рамки сферы школьного образования, поскольку регулирует элементы научного сотрудничества. В случае соглашений между РП и другими странами Центральной Азии, в том числе и РТ, сотрудничество в научной области регулируется отдельным межправительственным соглашением.

Соглашение 2007 г. между РП и РК о сотрудничестве в сфере туризма предусматривает, что стороны на основе принципа взаимности будут стремиться к упрощению визовых и таможенных процедур для посещения стран с туристической целью, способствовать инвестициям для развития туризма, поддерживать взаимный обмен туристической информацией и способствовать обмену образовательных программ, результатов исследований и опыта в области туризма. Соглашение заключено на неопределенный срок.

Аналогичное соглашение правительство РП заключило с правительством КР в 1998 г. Однако в данном случае стороны иначе определили его цели: создание совместных предприятий по обслуживанию туристов, совместные инвестиции в сфере туризма, обмен специалистами и организация выставок и ярмарок. Данное соглашение также заключено на неопределенный срок.

Двусторонние соглашения РП и РК об обороне и взаимной защите секретной информации уникальны. РП не заключала подобных соглашений с другими странами

[18] *Umowa między Rządem RP a Rządem Rep. Kazachstanu o współpracy w dziedzinie obronności. — [Электронный ресурс]. —https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=23976 (дата обращения 1 декабря 2023 г.).*

[19] *Porozumienie między Rządem RP a Rządem Republiki Kazachstanu o współpracy w dziedzinie edukacji. — [Электронный ресурс]. —https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=22627 (дата обращения 1 декабря 2023 г.).*

[20] *Porozumienie między Rządem RP a Rządem Republiki Kazachstanu o współpracy w dziedzinie rolnictwa. — [Электронный ресурс]. — https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=23146 (дата обращения 1 декабря 2023 г.). Umowa między Rządem RP a Rządem Republiki Kazachstanu o readmisji osób. — [Электронный ресурс]. —https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=23743 (дата обращения 1 декабря 2023 г.).*

[21] *Porozumienie o współpracy w dziedzinie gospodarki między Ministrem Rozwoju i Finansów RP a Ministerstwem Gospodarki Narodowej Republiki Kazachstanu. — [Электронный ресурс]. — https://traktaty.msz.gov.pl/getFile.php?action=getfile;0&iddok=23669 (дата обращения 1 декабря 2023 г.).*

бывшего СССР. В соглашении о сотрудничестве в оборонной промышленности от 2007 г. указано, что стороны будут развивать сотрудничество в оборонной промышленности по следующим направлениям: производство, услуги, технологии и коммерческие поставки, реализация совместных научно-исследовательских проектов в производственных целях, обмен кадрами, оборудованием и информацией. Данное соглашение в частности предусматривает сотрудничество в сфере военного производства и закупок, логистического обеспечения, научно-исследовательского сотрудничества, обмена кадрами, технологиями и информацией. В целях реализации соглашения стороны создали Совместную комиссию по сотрудничеству в оборонной промышленности. Данное соглашение заключено на неопределенный срок.

В 2010 г. было заключено двустороннее соглашение о защите секретной информации. В 2012 г. – о сотрудничестве в сфере обороны. В преамбуле стороны сослались на соглашение между государствами-участниками Североатлантического договора и другими странами-участницами программы НАТО «Партнерство ради мира». Широкий спектр сотрудничества включает оборонную политику, подготовку военных кадров, миротворческие операции, военную науку, поддержку вооруженных сил обеих стран, военную медицину, правовые вопросы и организацию спортивных, культурных и развлекательных мероприятий для военнослужащих и гражданского персонала. Соглашение предусматривает официальные визиты и рабочие встречи, конференции, консультации и тренировки, совместные военные учения, обмен информацией и учебными материалами, а также другие спортивные, культурные и развлекательные мероприятия. Это соглашение заключено на неопределенный срок.

Интересным фактом, является то, что РП только с РК заключила соглашение о сотрудничестве в области сельского хозяйства. Согласно ему, сотрудничество должно включать растениеводство и животноводство, сортоиспытание, регистрацию и правовую охрану сортов растений, карантин и защиту растений, ветеринарию, механизацию сельского хозяйства, сельскохозяйственные науки и торговлю.

Следует отметить, что РП заключила с РК еще три соглашения, которые уже не действуют: в 1992 г. соглашение о сотрудничестве и торговле (денонсированное РП в связи со вступлением в Европейский Союз), в 1994 г. о предоставлении кредитов на приобретение польских товаров и в 1997 г. о культурном и научном сотрудничестве. Последний из вышеупомянутых актов был заключен сроком на 5 лет, автоматически продлен еще на 5 лет и перестал действовать в 2017 г. Его положения частично были повторены в соглашении о сотрудничестве в сфере образования от 2014 г. Это единственное соглашение такого рода между РП и страной Центральной Азии. Соглашение о культурном и научном сотрудничестве было подписано с КР в 1993 г., а соглашение о сотрудничестве в области культуры, образования и науки с РТ – в 2003 г. Например, соглашение с РТ предусматривает взаимное продвижение художественного творчества, установление контактов между художественными учреждениями, сотрудничество между библиотеками, музеями, архивами, перевод, издание и обмен литературными произведениями. Данное соглашение заключено сроком на 5 лет с автоматическим продлением на последующие пятилетние сроки.

Заключение

В свете вышеуказанного, можно заключить, что международно-правовая база двусторонних отношений РП со странами Центральной Азии соответствует характеру их политических и экономических контактов на данном этапе. Наиболее развито сотрудничество с РУ и РК. Среди особенных черт сотрудничества РП со странами Центральной Азии – заключение договора о дружбе с первой из этих стран, со второй – соглашений в области обороны, сельского хозяйства и реадмиссии.

В целом, учитывая роль РК в Центральной Азии, традиционно дружественные казахстанско-польские отношения и развитое сотрудничество в сфере экономики, науки, образования, совместного противодействия угрозам безопасности, представляется оправданным заключение договора о дружбе и сотрудничестве между РП и РК. Несомненно, обоснованным является также рассмотрение возможности заключения дополнительных соглашений, регулирующих в частности вопросы научного и культурного сотрудничества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Góralczyk W. Prawo międzynarodowe publiczne w zarysie. - Warszawa: Wolters Kluwer, 2003. - 453 c.

2. Antonowicz L. Podręcznik prawa międzynarodowego. - Warszawa: Wydawnictwa Prawnicze PWN, 1998. – 242 c.

3. Gelberg L. Zarys prawa międzynarodowego. - Warszawa: Państwowe Wydawnictwo Naukowe, 1967. – 259 c.

4. Barcik J., Srogosz T. Prawo międzynarodowe publiczne. - Warszawa: C.H. Beck, 2017. – 726 c.

5. Bierzanek R., Symonides J., Prawo międzynarodowe publiczne. - Warszawa: Państwowe Wydawnictwo Naukowe, 1985. – 439 c.

REFERENCES

1. Góralczyk W. Prawo międzynarodowe publiczne w zarysie. - Warszawa: Wolters Kluwer, 2003. - 453 s.

2. Antonowicz L. Podręcznik prawa międzynarodowego. - Warszawa: Wydawnictwa Prawnicze PWN, 1998. - 242 s.

3. Gelberg L. Zarys prawa międzynarodowego. - Warszawa: Państwowe Wydawnictwo Naukowe, 1967. - 259 s.

4. Barcik J., Srogosz T. Prawo międzynarodowe publiczne. - Warszawa: C.H. Beck, 2017. - 726 s.

5. Bierzanek R., Symonides J., Prawo międzynarodowe publiczne. – Warszawa: Państwowe Wydawnictwo Naukowe, 1985. - 439 s.

ӘОЖ 342.7

ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ КРИМИНАЛИЗАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маншук Токтарбековна Бейсенбаева
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің, құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: manshuk.beysenbayeva@mail.ru

Лейла Муслимовна Сатанова[1]
Қайнар академиясының заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: Satanova1969@mail.ru

Эльмира Бахытжановна Курманалиева
Қонаев университетінің, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының доценты, заң ғылымдарының кандидаты; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: Yelmira_777@mail.ru

Аннотация. *Мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы (ДДСҰ) қабылдаған құжаттар негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің халықаралық тәжірибесі зерттелді. Посткеңестік елдерінің, соның ішінде Литва, Молдова, Украина (2022 жылғы 21 ақпанға дейін), көршілес Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдерінің заңнамалық тәжірибесіне назар аударылды. Сондай-ақ, американдық ғалым Эван Старктың тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінде орын алатын, бірақ құқық бұзушылықты тергеу кезінде әрдайым ескерілмейтін «мәжбүрлеп бақылау» теориясы туралы еңбегі зерттелді. Жұмыста Ұлыбританияның тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тәжірибесіне ерекше назар аударылады, өйткені бұл ел аталған құқық бұзушылықты адам құқықтарын шектеудің кешенді әдісі ретінде қарастырады: оның ішінде физикалық, психологиялық, жыныстық және материалдық. Жұмыста халықаралық тәжірибе негізінде, Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі аса өткір жағдай аясында, тұрмыстық қатынаста жасалатын құқыққа қайшы әрекеттерді криминализациялаудың орындылығы туралы мәселе қойылады. Жоғарыда аталған, алыс шетелдерде және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде құқық бұзушылықтармен күрестің құқықтық тәсілдері, ұлттық заңнаманы әзірлеу және жетілдіру барысында ескерілуі мүмкін. Ұсынылған жұмыста біздің еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қазіргі жағдайы туралы зерттеулер және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсу немесе төмендеу тенденцияларын және олардың себептерін көрсететін статистикалық мәліметтер келтірілген. Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы жақын және алыс шетелдердің заңнамалық актілерін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Зерттеу қорытындылары, қойылған міндеттерге сәйкес бірқатар ережелерді ұсынады. Олар өсу қарқынын ескере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін жауаптылықты күшейту қажеттілігіне назар аударады. Сондай-ақ, күнделікті өмірдегі зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне нақты анықтамалар беретін жаңа заңнамалық актіні қабылдау қажеттілігін белгілейді. Авторлар жаңа заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты қоғам үшін аса қауіпті құбылыстың деңгейін төмендету үшін үйде жасалған заңсыз әрекеттерді қылмыстық жауаптылыққа тартуды ұсынады.*

Түйінді сөздер: *әйелдер құқықтары, тұрмыстық зорлық-зомбылық, заңнамалық актілер, криминализация, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу.*

[1] *Хат-хабарларға арналған автор*

ПРОБЛЕМЫ КРИМИНАЛИЗАЦИИ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В КАЗАХСТАНЕ И В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ

Бейсенбаева Маншук Токтарбековна
Ассоциированный профессор, кандидат юридических наук кафедры право, Казахского национального аграрного исследовательского университета, г. Алматы, Республика Казахстан;
e-mail: manshuk.beysenbayeva@mail.ru

Сатанова Лейла Муслимовна
Ассоциированный профессор, кандидат юридических наук Академии Кайнар, г. Алматы, Республика Казахстан;
e-mail: Satanova1969@mail.ru

Курманалиева Эльмира Бахытжановна
Доцент, кандидат юридических наук кафедры гражданско-правовых дисциплин Кунаевского университета, г. Алматы, Республика Казахстан;
e-mail: Yelmira_777@mail.ru

Аннотация. *В статье исследуется международный опыт борьбы с бытовым насилием на основании документов, принятых Организацией Объединенных Наций (ООН), Всемирной организацией здравоохранения (ВОЗ). Изучена законодательная практика стран постсоветского пространства, в числе которых Литва, Молдова, Украина (до 21 февраля 2022 года), соседние Кыргызстан, Таджикистан, Узбекистан. Также исследован труд американского ученого Эвана Старка о теории «принудительного контроля», имеющий место практически во всех формах бытового насилия, но который не всегда учитывается в ходе расследования правонарушения. В работе уделяется особое внимание опыту Великобритании по борьбе с бытовым насилием, так как данная страна рассматривает обозначенное правонарушение как комплксный способ ограничения прав человека, в числе которых физическое, психологическое, сексуальное и материальное. В работе, на основе международного опыта, ставится вопрос о целесообразности в Казахстане криминализировать противоправные деяния, совершаемые в бытовых условиях в свете текущей, крайне острой ситуации. Правовые способы борьбы, с названными выше правонарушениями, в странах дальнего зарубежья и в Содружестве Независимых Государств (СНГ), могут быть учтены в ходе разработки и усовершенствования национального законодательства. В предлагаемой работе, представлены исследования о текущем состоянии бытового насилия в нашей стране и статистические данные, отражающие тенденции к увеличению или уменьшению количества насилия в условиях быта и их причины. В статье используется метод сравнительного анализа законодательных актов как ближнего, так дальнего зарубежья в сфере бытового насилия. В выводах исследования предлагается ряд положений, согласно поставленным задачам, которые заключаются в том, что есть необходимость, с учетом динамики в сторону увеличения, в ужесточении ответственности за совершения бытового насилия. Также предлагается принятие нового законодательного акта, в котором устанавливались бы чёткие определения для всех разновидностей насилия в быту. Авторы предлагают в новом законе криминализировать противоправные деяния, совершаемые в домашних условиях для снижения уровня такого опасного явления для общества как бытовое насилие.*

Ключевые слова: *права женщин, бытовое насилие, законодательные акты, криминализация, профилактика бытового насилия.*

PROBLEMS OF CRIMINALIZATION OF DOMESTIC VIOLENCE IN KAZAKHSTAN AND IN FOREIGN COUNTRIES

Beisenbayeva Manshuk Toktarbekovna
Associate Professor, Candidate of Law, Department of Law, Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: manshuk.beysenbayeva@mail.ru

Satanova Leila Muslimovna
Associate Professor, Candidate of Law, Kainar Academy, Almaty, Republic of Kazakhstan;e-mail: Satanova1969@mail.ru

Kurmanalieva Elmira Bakhytzhanovna
Associate Professor, Candidate of Law, Department of Civil Law Disciplines, Kunaev University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: Yelmira_777@mail.ru

Abstract. *The article examines the international experience of combating domestic violence on the basis of documents adopted by the United Nations and WHO. The legislative practice of the post-Soviet countries, including Lithuania, Moldova, Ukraine (until February 21, 2022), neighboring Kyrgyzstan, Tajikistan, and Uzbekistan, has been studied. The work of American scientist Evan Stark on the theory of "coercive control", which occurs in almost all forms of domestic violence, but which is not always taken into account during the investigation of an offense, is also studied. The work pays special attention to the UK's experience in combating domestic violence, since this country considers the designated offense as a comprehensive way of restricting human rights, including physical, psychological, sexual and material. Based on international experience, the paper raises the question of the expediency in Kazakhstan to criminalize illegal acts committed in everyday conditions in the light of the current, extremely acute situation. Legal ways to combat the above-mentioned offenses in non-CIS countries and the CIS can be taken into account during the development and improvement of national legislation. The proposed work presents research on the current state of domestic violence in our country and statistical data reflecting trends towards an increase or decrease in the number of domestic violence and their causes. The article uses the method of comparative analysis of legislative acts of both near and far abroad in the field of domestic violence. In the conclusions of the study, a number of provisions are proposed, according to the tasks set, which consist in the fact that there is a need, taking into account the upward dynamics, to tighten responsibility for the commission of domestic violence. It is also proposed to adopt a new legislative act that would establish clear definitions for all types of domestic violence. The authors propose in the new law to criminalize illegal acts committed at home in order to reduce the level of such a dangerous phenomenon for society as domestic violence.*

Keywords: *women's rights, domestic violence, legislative acts, criminalization, prevention of domestic violence.*

DOI: 10.52026/27885291_2024_76_1_193

Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің әртүрлі бөлімшелері бірлесіп жариялаған 2018 жылғы «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың таралуын бағалау» есебіне сәйкес[2] , дүние жүзіндегі үш әйелдің бірі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болатынын мәлімдеді. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» немесе «жыныстық сериктестік тарапынан зорлық-зомбылық» деп те аталатын мұндай құқық бұзушылықты Біріккен Ұлттар Ұйымы «жыныстық сериктестің келісімінсіз оның үстінен билік пен бақылауды алу, сонымен қатар, сол биліктен

[2] *Дүние жүзіндегі тұрмыстық зорлық-зомбылықты зерттеу: әрекетсіздік бағасы — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: Https://www.un.org/fr/node/184542 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

айырылмауға бағытталған іс-әрекеті» ретінде анықтайды. Статистикаға сәйкес, тұрмыстық қылмыстардың ішінде күш қолдану, зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар бірінші орынды алады. Екінші орында жыныстық және психологиялық сипаттағы қылмыстар. Үшінші - экономикалық зорлық-зомбылық [1].

«Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы Декларацияда» «тұрмыстық зорлыққа байланысты зерттеулер жүргізуге, мәліметтер мен статистикалық деректерді жинақтауға» нақты үндеу бар[3].

Отбасындағы зорлық-зомбылық әртүрлі нысандарда болуы мүмкін. Аталған құқық бұзушылық көбінесе депрессияны, жарақаттарды және басқада ауруларды тудыратын зорлықтың бірнеше түрін біріктіреді. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық еңбекке қабілеттілікпен өнімділікті жоғалтудан, әйелдердің мүмкіндіктерін шектеу және тіпті экономикалық өсуді бәсеңдетуден басқа, тұрмыстағы зорлыққа ұшыраған әйелдерді емдеу және қолдау қызметтері мен кінәлілерді жауапқа тарту шығындарын қоса алғанда, ауқымды әлеуметтік және экономикалық кері әсерін байқаймыз.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілі бір елдің, саяси немесе экономикалық жүйенің шеңберімен шектелмейді. Мәселенің ауқымы жаһандық болып табылады: Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, әрбір үшінші әйел өмір бойы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді[4] .

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әйелдерді өлтірудің бесеуінің үшеуін жыныстық серіктестері жасайды (жақында ғана болған Қуандық Бишимбаевтың әйелін өлтіру қылмысына күдікті болуымен байланысты резонансты жағдай)[5]. Жыныстық қарым-қатынастағы зорлық некемен ғана шектелмейді. Қазіргі уақытта қарым-қатынастағы жасөспірімдер арасындада зорлық-зомбылықтың өсуі байқалады. Осыған байланысты Ұлыбритания 2012 жылы 16-17 жас аралығындағы адамдарды тізімге қосу үшін, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегуі мүмкіндердің тізімін кеңейтті, өйткені тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты ресми сауалнамалар нәтижесі бойынша, аталған жастағы адамдар ең жоғары тәуекел тобында екенін анықтады[6]. АҚШ статистикасы көрсеткендей, 1976 жылдан бастап тұрмыстық зорлыққа қарсы шаралар күшейген кезде және осы уақытқа дейін некеден тыс қарым-қатынаста жыныстық серіктестің күш қолдану қаупі 12 есе артқан [2].

Ұсынылып отырған еңбек, әртүрлі деңгейдегі экономикалық дамуы, әртүрлі саяси және құқықтық жүйелері бар елдердегі зорлық-зомбылыққа қарсы тәжірибелерін талдау және жүйелеу әрекеттерін зерттеу болып табылады. Осы зерттеу жұмысы жалғастыруды талап етеді және тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арнайы заңнаманы дамыту стратегиясын түсіну, оны Қазақстанда қолдану тәжірибесін қалыптастыру және өзінің табыстылығын растаған зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың пәрменді шаралары туралы қоғамдық талқылау процесінің барлық қатысушыларын хабардар ету үшін маңызды болып табылады. Қазақстанның осы тәжірибесін ескеріп, оны жәбірленушілердің құқықтарын қорғау үшін тиімді және нақты жұмыс істейтін арнайы заңнаманы қалыптастыру процесінде пайдалануға бірегей мүмкіндігі бар деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеудің негізгі материалдары БҰҰ қабылдаған халықаралық құжаттар; шет елдердің нормативтік-құқықтық актілері; Қазақстан Республикасының заңдары болды. Ұсынылған жұмыста зерттелген жоғарыда аталған нормативтік құжаттардың барлық топтары біздің елде де, одан тыс жерлерде де тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау әдістері мен тәсілдеріне тікелей немесе жанама әсер етеді.

Ұсынылған тақырыпты неғұрлым мұқият және жан-жақты зерттеу үшін белгіленген

---

[3] «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларацияда» 1993 жылғы 20 желтоқсандағы бас ассамблеяның 48/104 қарарымен қабылданды — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/O9300000006 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[4] United nations: the world's women 2015. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://unstats.un.org/unsd/gender/downloads/worldswomen2015_report.pdf (Жүгінген күні: 03.02.2024 ж.).

[5] World health organization, understanding and addressing violence against women, who/rhr/12.38, 2012. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.who.int/publications-detail-redirect/WHO-RHR-12.38 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[6] UK government: «New definition of domestic violence and abuse to include 16 and 17-year olds». 19 september 2012. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.gov.uk/government/news/new-definition-of-domestic-violence-and-abuse-to-include-16-and-17-year-olds--2 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

проблема саласындағы статистикалық деректерді талдау, әртүрлі елдердің заңнамалық актілерін салыстыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықты криминализациялау және декриминализациялау барысында алынған тәжірибені салыстыру және т. б. сияқты жалпы ғылыми әдістер таңдалды.

Сондай-ақ, бұл зерттеуде американдық әлеуметтанушы профессор Эван Старктың ғылыми тұжырымдары келтірілген. Ол қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейінің төмендеуіне қатысты үш қате пікірді жоққа шығарады.

Талқылау. Нәтижелер

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы белгілі бір мемлекеттік шаралардың тиімділігі бірдей емес және факторлардың тұтас кешеніне байланысты. Осы жұмыстағы құқықтық тиімділік деген түсінікті келесі іс-шараларды: тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу; зардап шеккендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; агрессорларды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартудың сәтті тәжірибесін қолдануды білдіреді.

Зерттелетін барлық елдерде, соның ішінде посткеңестік Латвия, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова, Грузия және басқаларында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнама бар. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы жекелеген арнайы заңдар немесе тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерді қорғайтын салалық заңнамадағы арнайы нормалар.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы заңдар зерттелген елдерде, соның ішінде Молдова мен Қырғызстанда тиімді екендігі дәлелденді, онда мұндай заңдар қабылданғаннан кейін отбасылық зорлық жағдайлары үштен біріне азайған.

Украинада, Ресей Федерациясымен соғысқа дейін, отбасында жасалған қасақана кісі өлтіру мен ауыр қылмыстардың саны 20% азайған [3]. Дегенмен, сұхбаттар мен басқа зерттеулер тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін шешу үшін бір заң жеткіліксіз екенін көрсетеді. Барлық шаралар кешені қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан және оның зардаптарынан қорғау ешқашан дерлік орындалмайды, тіпті ең озық заңдар немесе шаралар саяси ерік-жігерсіз тиімді болмайды. Сауалнамаға қатысқан көптеген ғалымдар мен практиктер көбінесе әртүрлі заңдарда қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» тұжырымдамасы оның әйелдер мен балалар өміріндегі шындыққа ұқсамайтынын айтқан. Шетелдегі тұрмыстық құқық бұзушылыққа қарсы кешенді шаралар туралы ең мұқият сынды АҚШ-тың әлеуметтанушы профессоры Эван Старк алға тартты. Ол қоғамдағы зорлық деңгейінің төмендеуіне кедергі келтіретін үш қате пікірді тұжырымдады.

1) отбасындағы зорлық кейде күш қолдану зорлықпен бірге жүретін мәжбүрлеу мен бақылаудың тұрақты және қайталанатын циклі түрінде емес, күш қолдану зорлығы жекелеген жағдайлары түрінде түсініледі;

2) отбасындағы зорлық-зомбылық «тұрмыстық» болып табылады және тек құқық бұзушы мен жәбірленуші бірге тұратын үйде болады; ал денсаулық сақтау мекемелері мен құқық қорғау органдарының мәліметтері көрсеткендей, көптеген жағдайларда жәбірленушілер көмек сұраған кезде серіктестерімен бірге тұрмайды және бұл тұжырым қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді (біздің қоғамда үлкен резонанс тудырған 2022 жылы заңгер Айман Асановамен болған жағдайда, оны бұрынғы күйеуі аңдып жүріп, ұстап алып, 18 пышақ жарақатын салып өлтірген);

3) зорлық-зомбылықтың ең маңызды аспектісі күш қолдану зорлығы болып табылады, алайда күш қолдану зорлықпен қоса қылмыскер зорлық-зомбылықтың басқа түрлерімен - қорлау, мәжбүрлеу, бопсалау, балаларды және басқа отбасы мүшелерін айла-шарғы жасаумен қатар жиі қолданады [4].

Шетелдік тәжірибені зерделеу кезінде қолданыстағы заңдар мен механизмдер күш қолдану зорлығы әдеттегі шеңберінен шығатын зорлық жағдайларына тиімді жауап беруге шынымен бейімделмеуі мүмкін екендігі айқын болады. Бірақ заңнамалық деңгейдегі реформалар тек бірнеше мемлекеттерде, мысалы, Ұлыбританияда (2015 жылы) және Шотландияда (2019 жылы) қабылданды. Бұл елдерде Эван Старк әзірлеген «мәжбүрлеп бақылау» тұжырымдамасы осы елдердің қылмыстық құқығында бөлек бекітілді[7]. «Мәжбүрлеп бақылау» үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

«Мәжбүрлеп бақылау», Старктың пікірінше, уақыт өте келе терроризм мен құдалауға ұқсайтын адамның мінез-құлқын қалыптас-

[7] *Section 76 of serious crime act 2015, «controlling or coercive behaviour in an intimate or family relationship» — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2015/9/contents/enacted (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

тырады. Тұжырымдама тек күш қолдану зорлыққа ғана басым назар аудармайды, сонымен қатар, зорлықтың барлық түрлеріне — экономикалық, психологиялық, сексуалдық және күш қолдану зорлықтарды бірге байланыстырады. Дегенмен, тіпті Ұлыбританияда да сәтті сот процестері әлі де аз, өйткені тұжырымдаманы түсіну қиын, зерттеуді қажет етеді және қалыптасқан мәдени нормаларда қарсылық табады. Дегенмен, «мәжбүрлеп бақылаудың» жалпы идеясы әртүрлі саяси-құқықтық контексттерде ескерілуі мүмкін: экономикалық, психологиялық және күш қолдану зорлық-зомбылықтың өзара байланысын түсіну құралы бола алады. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарысы әрекет етудің қолданыстағы әдістердің кемшіліктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Тәжірибе көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арнайы заңның қабылдануы оны қылмыстық жауаптылыққа тартуға немесе қылмыстың мұндай құрамын, егер заңда көзделген болса, жекеше айыптаудан жариялы тәртіппен жүзеге асырылуына кепілдік бермейді. Зерттелген посткеңестік елдердің көпшілігінде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауаптылық орнатуға байланысты қиындықтар мен қарсылықтар орын алады. Молдова, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Грузия және Латвияда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауаптылықты орнату толық емес. Яғни, ауырлығына байланысты ол әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы заңнаманың болуына қарамастан жекеше, жекеше-жариялы айыптау тәртіппен жүзеге асырылады.

Мысалы, Молдовада Eremia and others V Moldova (№3564/11, 28 мамыр 2013 ж.) ісінде Адам құқықтарының еуропалық соты (АҚЕС) қаулысы шыққаннан кейін қылмыстық кодекске[8] және әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне түзетулер енгізілген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті белгілейтін жаңа 78 (1) баппен толықтырылды[9].

Тиісінше, егер құқық бұзушының әрекеті қылмыс ретінде анықталмаса, ол әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылуы мүмкін. Молдованың «Әйелдер құқық қорғау орталығы» атты коммерциялық емес ұйымы, Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетіне берген баяндамасында бұл жаңалықты теріс бағалап, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы қозғалған қылмыстық істер санының күрт төмендеуіне және тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтардың өсуіне сілтеме жасады, бұл агрессорларды одан әрі зорлық жасауын жеткілікті түрде тежемейді деп мәлімдеді. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылық арасындағы айырмашылық келтірілген (әдетте күш қолдану) зиянның ауырлығымен анықталатындықтан, зорлық-зомбылықтың басқа түрлері — экономикалық, психологиялық ешқашан құдаланбайды. Дегенмен, теориялық тұрғыдан олар Молдовадағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы заң бойынша қылмыстық жазаға тартылған.

Литвада тұрмыстық зорлық-зомбылық соңғы уақытқа дейін жекеше айыптау тәртіппен жүзеге асырылды. Valiuliene V. Lithuania (26 наурыз 2013 ж.) АҚЕС қаулысынан кейін Литваның ҚК және ҚІЖК-не 2011 жылы қабылданған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңмен өзара келістіру үшін түзетулер енгізілген. Түзетулер тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері анықталған барлық жағдайларда, тіпті зардап шеккендердің атынан шағым немесе олардың өкілінің атынан арыз болмаған жағдайда да міндетті түрде алдын ала тергеу жүргізу туралы ережелерді енгізуге қатысты болды[10].

Орта Азия мемлекеттерінде тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет ететін және осындай әрекеттер санын азайтуға бағытталған заңнамалық актілерді қабылдау арқылы шешіледі.

Қырғызстанда 2017 жылға дейін құқық қорғау органдары зардап шеккен тараптың арызы бойынша ғана шаралар қолданған. 2017 жылы «Отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғау және күзету туралы» Заңның қабылдануымен құқық бұзушылыққа

---

[8] *Молдова Республикасының Қылмыстық кодексы 18 сәуір 2002 жылы қабылданған, 201 бап «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://lege.md/ru/ugolovnyiy_kodeks_respubliki_moldova/st-201-1 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

[9] *Молдова Республикасының 2008 жылғы 24 қазанда қабылданған № 218-XVI «Құқық бұзушылық туралы» Кодексі — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30395669 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

[10] *Council of europe commissioner for human rights, report following visit to lithuania from 5 to 9 december 2016. 19 april 2017. P. 4–5 — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://rm.coe.int/168070a746 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

қарсы іс-қимыл зорлықтың куәгері немесе медицина қызметкері мәлімдеген кезде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, заңға сәйкес, зорлаушыға жәбірленушімен байланысуға тыйым салатын үш күндік (бір айға ұзарту мүмкіндігі бар) қауіпсіздік ордері жазылады. Жазадан басқа, аталған заң, зорлаушыларға арналған міндетті, мемлекет қаржыландыратын, түзету бағдарламасын да қарастырады[11].

2019 жылға дейін Өзбекстан заң түрінде тұрмыстық зорлықтың құрбандарын қорғамаған мемлекет болып қала берді. 2019 жылы «Әйелдер мен еркектер тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне кепілдік беру туралы»[12] және «Әйелдерді қысым мен зорлық-зомбылықтан қорғау туралы»[13] екі заң қабылданды. Бірінші заң актісі әртүрлі қызмет салаларында жыныстық кемсітушілікке тыйым салады және гендерлік теңдікке қатысты бірқатар терминдерге анықтама береді. Екінші заңға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер құқық қорғау органдарынан, қолдау орталықтарында немесе ақысыз сенім телефоны арқылы ақысыз экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, медициналық және құқықтық көмек ала алады. Бұдан басқа, олар қорғау ордерін беруді талап ете алады және ордердің бұзылуы туралы хабардар ете алады. Ордер ең көбі 30 күн мерзімге беріледі. Осы шаралардың арқасында мемлекеттік органдар, әйелдер мен балаларды зорлаушылардың әрекеттерінен қорғауға мүмкіндік алды. Ордерді бұзғаны үшін зорлаушыға немесе қудалаушыға айыппұл, немесе 15 тәулік әкімшілік қамаққа алу жазасы беріледі.

Тәжікстанда 2013 жылдан бастап «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заң өз күшіне енді[14]. Осы заңға сәйкес, зорлаушыға қарсы бірінші рет арыз берілген кезде оған 15 күнге дейін жәбірленушіге қатысты кез келген зорлық әрекеттеріне тыйым салатын қорғаныс ұйғарым беріледі. Зорлаушы әкімшілік тәртіп бойынша қайта құқықбұзушылық іс-әрекеттерге баратын жағдайда, 15 күнге ұсталады, ал талаптарды бұзғаны үшін ұйғарым бойынша айыппұл қарастырылған. Бірақ Өзбекстандағыдай, Тәжікстанның заңындада тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Қазақстанға келетін болсақ, бұл жерде біздің еліміз әлі де тұрмыстық жағдайларда жасалатын құқық бұзушылықтар санын азайту мәселесі бойынша оңтайлы шешім іздеуде екенін атап өткен жөн.

2016 жылы Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Құжатта «зорлық-зомбылыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасындағы басым мемлекеттік міндеттердің бірі ретінде айқындалды»[15].

1997 жылдан бастап отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық Қылмыстық кодекспен реттелген, онда 7 жылға дейін бас бостандығынан айырудан бастап айыппұлдар мен қоғамдық жұмыстарға дейін жазалар қарастырылған[16].

Қазақстан Республикасында 2009 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң қабылданды[17]. Нормативтік актінің қабылдануы біздің еліміз үшін маңызды, өйткені ол мемлекеттің тұрмыстық зорлық-зомбылықты бағалау мен оның алдын алудың қажетті ұйымдасты-

[11] «Отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғау және сақтау туралы» Қырғыз Республикасының 2017 жылғы 27 сәуірде қабылданған № 63 Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111570 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[12] Өзбекстан Республикасының «Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің кепілдіктері туралы» Заңын заң шығарушы палата 2019 жылы 17 тамызда қабылдады, Сенат 2019 жылғы 23 тамызда мақұлдады — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://continent-online.com/Document/?doc_id=32664411 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[13] Өзбекстан Республикасының «Әйелдерді қысым мен зорлық зомбылықтан қорғау туралы» Заңын заң шығарушы палата 2019 жылдың 17 тамызында қабылдады, Сенат 2019 жылдың 23 тамызында мақұлдады — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33869791 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[14] Тәжікстан Республикасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №954 «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31374104 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[15] «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығы — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000853 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[16] Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жыл 16 шілде № 167-1 — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_ (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

[17] Қазақстан Республикасының Заңы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жыл 4 желтоқсан № 214-iv (01.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_ (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).

рушылық-құқықтық тетігін құру ниетінің дәлелі болды [6].

2017 жылы бірнеше реформалардан кейін тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жекелеген баптар қылмыстық жауаптылықтан босатылған және олар Қылмыстық кодекстен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырылды. Мысалы, Қылмыстық кодекстен екі бап (108 бап - денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, 109 бап - ұрып-соғу) бірден декриминализацияға ұшырады, олар бойынша үйдегі агрессорларды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік болған еді.

2020 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң жаңартылды. Онда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың бірқатар шаралары келтірілген, ал айыппұлдар соттың ескертуімен ауыстырылды. Сонымен қатар, тараптарды татуластыру туралы бап қайтарылды (егер зорлаушы қылмыстық жауапкершілікке тартылған жағдайда, бұл бап қолданылмайды). Ішкі істер министрлігі (ІІМ) мен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бұл шаралар «құқық бұзушылармен профилактикалық жұмыстарды күшейтуге және құқық бұзушыны жауапқа тарту рәсімін жеңілдетуге» бағытталғанын мәлімдеді.

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жаза 2023 жылғы 19 мамырдан бастап өзгерді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2022 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 70 мыңнан астам өтініш тіркелген. Аталған заңға енгізілген түзетулерге байланысты жәбірленушілердің арыздарынсыз, куәгерлердің айғақтарына және бейнекамералардың жазбаларына сүйене отырып, зорлық жасау фактісі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға мүмкіндік туды. Соңғы шешімді сот қабылдайды.

Сондай-ақ енгізілген түзетулер тараптардың қайта татуласу мүмкіндігін болдырмайды.

Түзетулердің қабылдануымен татуласу сотта бір рет қана мүмкін болды.

2023 жылдан бастап әкімшілік және қылмыстық жауаптылық күшейтілді. Егер бұрын соттар 1 тәуліктен 5 тәулікке дейін қамауға алумен шектелсе, түзетулер күшіне енген кезде отбасылық зорлық-зомбылық жасаушыға ескерту жасалады немесе 5 тәулікке қамауға алынады. Егер зорлық қайталанса, ол 10 тәулікке қамауға алынады. Ұрып-соғу үшін жаза бірден -10 тәулікке қамау қолданылады (бұрынғы 10 тәулікке дейінгінің орнына). Қайта ұрғаны үшін қамауға алу мерзімі 15 тәуліктен 20-ға дейін ұзартылды. Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін 15 тәулікке қамауға алу түріндегі жаза қарастырылған, қайталап жасағаны үшін – бұрынғы 20 тәуліктің орнына 25 тәулік бекітілді.

Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңнан қорғаныс нұсқамасын бұзғаны үшін ескерту алынып тасталды. Ескертудің орнына 10 тәулікке қамауға алу қарастырылды[18].

Бұдан басқа, Қылмыстық кодекстің жекелеген баптарына, атап айтқанда ҚК-нің 106 және 107-баптарына ауыр зиян келтіру және денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіру туралы «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділіктегі адамға қатысты іс-әрекет жасау» ұғымы енгізілді, бұл қылмыскерді оқшаулау үшін қамауға алу түріндегі санкцияны қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 106-бап бойынша 10 жылға дейін және 107-бап бойынша 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жауапкершілігі енгізілді.

Қылмыстық кодекске өзгерістер 2023 жылдың 19 мамырында заңды күшіне енді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте өзгерістер 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді[19].

Тек қылмыстық санкциялар тұрмыстық зорлық-зомбылықты құрайтын мінез-құлық үлгілерінің күрделі кешенін өзгерте алмайды, қылмыстық қудалау рецидивизмнің өсуі мен болашақта зорлық-зомбылықты қолдану тұрғысынан айқын тежеуші әсерге ие.

Қорғау шарасы ретінде криминализация, біріншіден, мемлекеттің отбасылық салада жасалған қылмыстарды тергеу міндеттемесіне кепілдік береді және зорлық-зомбылыққа қарсы тұру жауапкершілігін зардап шеккендердің мойнына жүктемейді. Екіншіден, криминализация тергеудің тиімді жүруіне ықпал етеді, өйткені тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер

[18] *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жыл 3 шілде № 226-V (12.09.2023 жыл жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

[19] *Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. (12.09.2023 жыл жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

көбінесе тергеу жүргізіліп жатқан қылмыс бойынша дәлелдемелік базаны өздері жинай алмайды. Үшіншіден, зардап шеккендер бұдан былай айыптаудан бас тарта алмайды және тергеу барысында туыстары мен басқа адамдардың қысымымен және қорқытуымен шағымды қайтарып ала алмайды. Егер шағым беру және одан әрі қылмыстық қудалауды жалғастыру туралы шешім қабылдау жауапкершілігі зардап шеккендерге жүктелсе (мысалы, жекеше және жекеше-жариялы тәртіппен айыптау жүзеге асырылу сияқты), онда агрессордың қысымы мен қауіптілігі жойылып қана қоймай, керісінше күшейе түсуі мүмкін, өйткені зардап шеккендер арызданып барлығын өздері бастаған үшін кінәлі болып қалады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне тез арада мән беру, әділеттілік жүйесі үшін үлкен ауыртпалық екенін ескеру маңызды. Полицияға әкелінген барлық арыздардың жартысынан көбі тұрмыстық зорлыққа қатысты. Кейбір сарапшылардың бағалауы бойынша, зорлық-зомбылық жасаушылардың 60-80% 6-10 жыл аралығында қайталама қылмыстар жасайды (тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталануы). Сондықтан, әділеттілік жүйесінің маңызды ресурстары созылмалы немесе сериялық құқық бұзушылармен күресуге жұмсалады. Мысалы, Англия мен АҚШ-та кейбір отбасылық агрессорларда орташа есеппен 14 қылмыстық айып бар, олардың жартысы ұрып-соғу.

Қазақстандық құқық қорғаушылардың пікірінше, 2023 жылы бірқатар заңнамалық актілерде күшіне енген жаңа түзетулерде көзделген шаралар өз сипаты бойынша жартылай ғана, «косметикалық» шаралар болып табылады. 2009 жылы қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы негізінен құқық бұзушылықты алдын алу сипатына ғана ие, бұл өз кезегінде үйде жасалатын зорлықтың санын азайту бойынша жағдайды жақсартпайды.

Себебі, ІІМ Қазақстанда жыл сайын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арыздардың саны артып келе жатқанын бірнеше рет мәлімдеді (тек 2022 жылы полицияға 125 мыңнан астам осындай арыз түскен), ал зорлаушылардың қолынан қаза тапқандар саны тұрақты өсуде[20]. Отандық құқық қорғаушылар қылмыскерлерге қатысты қатаң жаза түрлерін қолдану үшін тұрмыстық жағдайда жасалған құқық бұзушылықтарды криминализациялауды қолдайды.

Ресми инфографика әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тіркелген жағдайларының саны бойынша жасалған құқық бұзушылықтар санының төмендеу үрдісін көрсетеді. Алайда, статистика тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайымен шынайы көріністі көрсетпейтінін атап өткен жөн, өйткені көп жағдайда жақын туыстарына қатысты жүйелі түрде жасалған құқық бұзушылықтар қоғам мен құқық қорғау органдарынан жасырын қалады. Құқық бұзушылықтың осы санатының ерекшелігі оның күнделікті және жүйелілігінде жатыр. «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізгі себептері ретінде әлеуметтік-экономикалық жағдайды (материалдық қиындықтар, жұмыссыздық), сондай-ақ жаман әдеттердің болуын (маскүнемдік, нашақорлық, құмар ойындар) атауға болады» [7].

Тұрмыстық бұзақы мен зорлаушылар, бұл көбінесе зорлық құрбандарымен бір отбасының мүшелері және құқық қорғау органдарына қатты қысым болған жағдайларда ғана шағымданады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары көптеген сыртқы факторлардың әсерімен, мысалы, туыстарының қысымына, оқиғаны өз үйінен тыс жерге шығарғысы келмеуіне, қиянат жасаушыға қаржылық және басқа да тәуелділікке және басқада себебетерге байланысты, бастаған істерін аяқтамай қаяды.

Қорытынды және ұсыныстар

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы заңдардың қабылдануы зерттелген мемлекеттерде, оның ішінде посткеңестік Молдова мен Қырғызстанда, яғни қазақстандық саяси және ең бастысы құқықтық жүйелерге жақын юрисдикцияларда, өзінің тиімділігін дәлелдеді. Мұндай заңдар зорлық-зомбылыққа қарсы негізгі шаралардың бірі ретінде қарастырылады. Шынында да, аталған елдердегі зорлық-зомбылық деңгейі 20% астамға төмендеген. Бірақ бұл мұндай заңдар қабылданғаннан кейін бірден емес, заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің барлық деңгейлерінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру бойынша теңдестірілген кешенді саясат пен бағдарламалардың нәти-

[20] *Министерством культуры и информации разрабатывается проект единой Концепции для центров поддержки семьи – А. Балаева — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://primeminister.kz/ru/news/ministerstvom-kultury-i-informatsii-razrabatyvaetsya-proekt-edinoy-kontseptsii-dlya-tsentrov-podderzhki-semi-a-balaeva-25961 (Жүгінген күні 03.02.2024 ж.).*

жесінде болды. Тұрмыстық зорлықты азайту үшін, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықты жариялы тәртіппен жүзеге асыру мәселесін шешу үшін, бір заң жеткіліксіз

Өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын шаралардың тұтас кешені қажет. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан және оның зардаптарынан қорғау биліктің барлық деңгейлерінде, яғни учаскелік бөлімнен бастап министрліктердегі шенеуніктер мен Парламент депутаттары дейінгілердің саяси ерік-жігерінсіз тиімді болмайтыны анық.

